I. ОҚУ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАМА

1.Д.Қонаев атындағы №44 МГ оқу-әдістемелік жұмысының талдау сараптамасы

Мектеп - әдістемелік жұмыс орталығы. Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтық тәжірибесі дамуының алғы шарты болып табылады. Сондықтан білім беру саласында мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің көтеріліп отырылуы, озық педагогикалық тәжірибелерінің зерттеліп, жинақталып және өзара тәжірибе алмасу жұмыстарын жетілдіріп отыру әдістемелік кеңес жұмысының ұйымдастырылуына байланысты.

2019-2020 оқу жылындағы мектептің өзекті мәселесі: ***«Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруға қажетті жағдай жасау арқылы оқушының тұлғалық дамуына жағымды орта қалыптастыру».***

Мектеп ұжымының алдына қойған мақсаты: **Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану. Мектептің өмірін ізгілендіру мен демократияландыру арқылы оқушының жеке тұлғасының дамуына қолайлы жағдай туғызу.**

Міндетіміз:

-өз бетімен білім алуға және жетілуге дайын педагогтердің кәсіптік-құнды және тұлғалық-адамгершілік қасиеттерін дамыту,
-сабақ беруде әр оқушыға тиімді болатындай педагогикалық стратегиялар мен технологияны, әдістер мен тәсілдерді таңдау.
-пәндік олимпиадаларға, түрлі сайыс-байқауларға бағытталған оқушымен жүйелі, терең, нәтижелі жұмыс жүргізу.
-оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыстарды жүйелеу.

Мектебіміздегі әдістемелік қызметтің басты мақсаты-мектеп мұғалімдерінің ақпараттық, кәсіби құзіреттілігін жетілдіру және оқыту сапасын арттыру, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білу, оқыту тәжірбиесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру.

Міндеті:

Мұғалімдерге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың қағидалары мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруға көмек беру.
Мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденіске тарту.
Ақпараттық мәдениет және коммуникативті дағдыларды қалыптастыру;
Мұғалімнің ғылыми-теориялық, әдістемелік деңгейін арттыру.
Заманауи білім беру технологияларын меңгеру.

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру формалары: педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, проблемалық шығармашылық топтар, ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, педагогикалық шеберхана, шығармашылық есептер, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, озат тәжірбие мектебі, жас мамандар мектебі, дарынды балалармен жұмыс орталықтары.

Мектебіміздегі әдістемелік қызмет 5 бағытта жұмыс жасап келеді:

Ақпараттандыру - мультимедия кабинетінің мүмкіндіктерін, электронды оқыту, т.б. ақпараттық технологияларды мұғалімдердің қолдануымен сабақтар өткізіп, тәжірбие тарату, баспасөз беттерінде жариялау, семинарларда ой бөлісу;

Педагогикалық шеберлік, кәсіптік құзіреттілік – оқу мен тәрбие сапасын көтеруде біліктілікті арттыру курстарында, семинар, конференцияларға, педагогикалық оқылымдарға, шығармашылық есеп беруге қатысу;

Жас мамандар мектебі – жас маманның педагогтік қызметтегі кездескен қиындықтарды жеңіуне, сыныппен жұмыс істеуге жағдай жасау, тәлімгер- ұстаздар бекіту;

Дарынды балалармен жұмыс - ОҒҚ «Ғылымға қадам», «Олимпиадалық резерв мектебі» жұмысы, оқушы бойындағы табиғи дарынның жан-жақты дамуына қолдау көрсетіп, ғылыми зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобалардың сайыстарына қатысу.

Осы бағыттар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Мектеп - гимназияның әдістемелік құрамында 4 шығармашылық топ, 9 әдістемелік бірлестіктер бар. Мектептің өзекті мәселесін іске асыру мақсатында келесі шығармашылық топтар құрылған:

«Оқытушы-қоғам» өзгеріс тобы;
Зерде» желілік қауымдастығы;
«Ғылымға қадам» тобы;
«Жас мамандар» мектебі.

Шығармашылық топтардың мақсаты: оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, жан-жақты, өз білімін тәжірибиеде пайдаланатын тұлға қалыптастыру.

«Зерде» желілік қауымдастығының жұмысына талдау.

Қауымдастық жетекшісі Жексенғалиева Г.Ж.-физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Мұғалімнің кәсіби дамуын қамтамасыз ету моделінің бірі – мектепте және мектептер арасында желілік қоғамдастық құру. «Зерде» желілік қауымдастығының құрамында қаламыздың №18 ЖОББМ, №19 ЖОББМ, № 27МЛ, №38 МЛ, №41МЛ, №42МГ,№50 ЖОББМ.

Желілік қауымдастықтың әдістемелік тақырыбы:

«Жаңартылған білім беру мазмұны: кедергілер мен мүмкіндіктер»

Мақсаты:

1.Жаңартылған білім мазмұны бойынша кездесетін проблемаларды бірлесе отырып шешу жолдарын іздестіру, ортақ шешімге келу, ортақ жұмысты жоспарлау;

2.Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым–қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білуді ұғындыру;

3.Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жетекші және серіктестік мектептердің іс-тәжірибесін жинақтап, талдау, тарату.

Шығармашылық топтың міндеттері:

1.Бүгінгі ақпараттану заманында қоғамға, өзгерістерге, өмірге бейім тұлға дайындайтын жаңа әдіс-тәсілдерді басшылыққа алып, сабақ берудің заманауи үлгілерін тәжірибеге енгізу;

2. Сыни тұрғыдан ойлау, диалогтік оқыту, критериалды бағалау арқылы ұйымдастырылған озық үлгідегі сабақтардың ақпараттық жиынтығы құру, талдау, тарату;

3.Жаңартылған білім беру мазмұнының деңгейін көтеруде қала педагогтарының жұмыс бағытын жүйелеу, ортақ проблемалардың ортақ шешімін таба отырып, бірізді нәтижеге қол жеткізу.

2019-2020 оқу жылының қыркүйек айында желілік қауымдастықтың жоспары жасалды.Осы күнге дейін жоспар бойынша жоспарланған іс-шаралар жоспарға сай жоғары дәрежеде өтті.Біздің мектебіміз ресурстық қолдау орталығы болғандықтан біз жұмыс барысында әрбір мектептегі деңгейлік бағдарлама игерген мектептердің қандай жұмыстар жасап жатқанын біліп қана қойған жоқпыз, сол мектептердің психологиялық ахуалымен, көшбасшы мұғалімдерімен, олардың атқарып жүрген жұмыстарымен танысып, тәжірибе

алмастық.Олар өздерінің біздің ұйымдастырған семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысқанда, желі арқылы байланысқа түскенде қолдау тауып, жұмыстарына құлшыныспен кірісетіндерін айтып ой бөлісті. Кез келген жағдайда сенім артудың маңызды екендігін, сенім арту мұғалім көшбасшылардың өз ісіне деген жауапкершіліктерін арттыратынын түсіндік.

Желтоқсан айында модераторлары мен кезекті отырыс өтті. Отырыста келесі жартыжылдық жоспаржасалды.Сонымен бірге магниттік мектеп модераторлары өз жұмыстарымен таныстырып өтті.Әр мектеп жаңартылған білім мазмұны бойынша кездесетін проблемаларды бірлесе отырып шешу жолдарын іздестіру, ортақ шешімге келу, ортақ жұмысты жоспарлау бағытында жас мамандарға көмек ретінде семинарлар,дөңгелек үстел,ашық сабақтарөткізді.

Осы семинарлар бойынша оқытушы мамандар күнделікті жұмыс барысында қолдануға қажетті іскерлік,шеберлік дағдыларын алды және әдістемелік тұрғыдан көмек алды, біліктілігін жетілдірді.

№38 МЛ «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы тарих пәнін оқыту әдістемесінің ерекшелігі» атты семинар қалалық семинары ұйымдастырылды.

Мақсаты:Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы бойынша тарих мұғалімдері арасында бағдарламаға сәйкес оқу материалдары мен педагогикалық тәсілдерді тиімді қолдану мәселесін талқылау және өзара тәжірибе алмасу.

Семинарда «Табысты оқытудағы мұғалім құзыреттілігінің рөлі» тақырыбындағы коучинг өткізді. Коучингте алдымен таныстырылым көрсетіліп, түрткі сұрақтар арқылы тақырыпты ашты. Ресурстар таратып, мәлімет жинақтап, әр топ постер қорғады.

Әрбір сабаққа жеке, нақты дайындық әр мұғалімнің педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімінің қандай да мол екендігін көрсетті.

Желілік қауымдастық аясында өткізілген ашық сабақтар, тақырыптық семинарлар мен коучингтер рефлексияларына талдау жасай отырып, ұстаздардың жаңаша оқытудың қыр-сырын меңгеруіне, өз тәжірибесін жетілдіруіне, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруына барынша мүмкіндік тудырылғанын, жоспарланған жұмыстардың проблемалық тақырыптар мен мақсатарға сай нәтижелі болғандығы байқалады.

Мұғалімдердің кәсіби дамуындағы педагогикалық қоғамдастық және көшбасшылықтың маңызы зор.Аз ғана уақытта, біз бағдарлама аясында жұмыстану барысында төмендегідей нәтижеге қол жеткіздік.

Біріншіден, бұрын мұғалімдер қауымы жоғарыдан нұсқау күтіп, соны орындау арқылы ғана жұмыстанып, жетістіктерге жетсе, қазір өз бетімен, шығармашылықпен жұмыстану арқылы жетістікке жетуде;

Екіншіден, бағдарламаны дамытуда, өз іс-тәжірибесін таратуда БАҚ мен желінің маңызын түсініп, өз іс-тәжірибелерін таратып, тәжірибе алмасуда;

Үшіншіден, жаңа форматтағы сабақтар өткізуде жеті модульді пайдаланып, кәсіби дамуда.

Өзгеріс-күрделі үдеріс екендігі белгілі.Дегенмен, біз, өз жұмысымыздың табысты нәтижесін көріп, бағдарламаның жан-жақты қолдау табатынына сенімдіміз. Осы мақаламды ұлы Абайдың мына бір сөзімен аяқтағым келеді, «Өзгеріс керегіне сену керек, қиынды тек жігермен жеңу керек!»

«Оқытушы-қоғам» өзгеріс тобының жұмысына талдау

Топ жетекшісі: Ризуанова К.Е. – география пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатырған ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүние танымы дұрыс қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу – ұстаздардың негізгі міндеті. Оқыту үрдісіндегі мұғалімнің міндетін Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар мақсаты - саяси-экономикалық және рухани дағдарысты жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру» деп анықтады. Осы мақсатты дұрыс түсінген, жаңалыққа жаны құмар біздің мектебіміздің мұғалімдері де заман талабына қарай икемделуде. Мектебіміздегі оқыту мен оқу үрдісінде болып жатқан жаңалықтарды жүзеге асыруда «HertsCam –Оқытушы қоғам» кәсіби қауымдастығының маңызы зор.

№44 мектеп-гимназиясы 2019-2020 оқу жылын 1 - көшбасшы, 7 - I (ілгері) деңгей, 4- II (негізгі) деңгей, 24-III (базалық) деңгей, барлығы 36 деңгейлік курстан өткен мұғалімдермен бастады. Бұл жалпы педагог кадрлардың 25%-н құрайды. Оқу жылының басында деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің есебі алынып, жұмыс жоспары бекітілді. Мектебіміздегі 5 тренер (Мурзашева А.С, Темирбаева Қ.Х, Убаев Б.И, Урбисенова А.К, Байдашева Н.Б) мұғалімдерді фокус-топтарға бөліп, жаңартылған білімнің негізгі ерекшеліктерін, оқу үрдісін ұйымдастырудың жолдарын үйретуді қолға алды.

Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің жұмысы мектептің даму жоспарына сай мына бағыттарды қамтыды: оқу үрдісі, әдістемелік жұмыс, тәрбие үрдісі, ата-аналармен жұмыс, «Зерде» желілік қауымдастығының жұмысы.

Мектепте өтілген педкеңестер, семинарлар, ата-аналар жиналыстары тікелей деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің ұйымдастыруымен өткізілді. Қауымдастық арқылы жүзеге асып жатқан жұмыстардың бірі – «Сабақты зерттеу» әдісі. Бастауыш, орта және жоғары буын сыныптарында жүргізілген зерттеу сабақтары, сабақ үстіндегі мұғалімдердің өздері зерттеуге алған оқушыларды қадағалауы, сабақ соңындағы сұхбаттар сабақ үрдісін ұйымдастыруға жаңа серпін берді. Сабақты бірлесіп жоспарлау, әр деңгейдегі оқушылардан күтілетін нәтижені алдын-ала ойластыру, оқушы пікірімен санасу – мұғалімдер жауапкершілігін күшейте түсті. «Сабақты зерттеуді» өткізу барысында бұл әдістің тиімділігіне көзіміз жетті, себебі ол мұғалімдерге балалардың оқу барысын, балаларды оқыту барысында болуы тиістілер мен шынайы мектеп өмірінде болатындардың арасындағы айырмашылықты байқауға септігін тигізеді. Педагогтар бірлесе талқылау барысында оқуды оқушылардың сұраныстарын барынша қанағаттандыратындай дәрежеде қалай жоспарлауға болатындығын түсінеді. Лессон стади сабақтары барысында «Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады» деген Выготскийдің сөзінің ақиқаттығына көзіміз жетті.

Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің басшылығымен бірнеше сыныпта сабақты зерттеу, лессон-стади сабақтары өтті. Сыныптардағы мәселелерді анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалардан кейін, тақырыптар таңдалып алынып, мәселені шешуге бағытталған зерттеу сабақтарының сынып оқушылары үшін де, мұғалімдер үшін де маңызы зор болды.

Оқушылардың пікірін ескеру арқылы жоспарлау, сыныптағы оқытуға кедергі келтіретін немесе көмектесетін ахуалды айқындау, жалпы оқушылардың өзін-өзі реттеуіне көмектесу «Оқушы үні» жобасы арқылы мүмкін болды. «Оқушы үні» жобасы арқылы оқушылар **өзгелердің өздерін құрметтейтіндігін, оларды тыңдап, пікірлерімен санасатындығын сезінді; мәселені шешуде олардың пікірлері есепке алынатындығына көздерін жеткізді; өзіндік білім алуын бақылау деңгейін анықтады; бірлесіп талқылауға болатын сұрақтар ауқымын анықтады; оқуды қалай жақсартуға болатыны туралы сенімді нығайтты; мектеп пен оқуға деген жағымды қарым-қатынасты қалыптастырды.**

«Зерде» желілік қауымдастық жұмысы аймақтық желілік қауымдастықтың жоспарына сай шараларға басшылық жасады.

Қауымдастық мүшелері баспасөз бетінде, интернет-сайттарда өз іс-тәжірибелерімен үнемі бөлісіп отырады. Көшбасшы мұғалімдер оқу жылы соңында өздерін толғандырған, шешімін тапқан тақырыптарына сай тәжірибе бөлісу мақсатында және істеген жұмыстарының қорытындысы ретінде кітапшалар шығаруды дәстүрге айналдырған.

«Оқытушы-қоғам» өзгеріс тобының мүшелері әруақытта жаңашылдықпен жұмыстанып, қоғам дамуының алдыңғы сапында жүруге дайын.

Жас мамандар мектебінің жұмысына талдау.

ЖММ жетекшісі Нурмуханбетова Д.У.- математика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы.

Жас мамандар мектебінің мақсаты: Жас мамандарды қазіргі өмір талабына сай, білім берудегі жаңашыл қызметте жаңа педагогикалық технологиямен жан - жақты іздену арқылы еңбек етуге үйрету.

Міндеттері:

* Нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту;
* Өз пәні бойынша жаңа технологияларды игеру;
* Алдыңғы қатарлы жаңашыл педагогикалық тәжірибелерді енгізу, қолдану, іздену арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру;
* Озық тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу;
* Өз білімін көтеріп, толықтырып отыру;
* Шығармашылық жұмысты дамыту, әр жас маман өзінің портфолиосын жинақтау, озат педагогикалық тәжірибені анықтау, оқып үйрену, тарату және ұжым арасында тәжірибе алмасуды қалыптастыру;
* Курстар, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстел арқылы жас мамандардың кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру;
* Оқу - тәрбие жүйесінде шығармашылық ізденістер мен зерттеу жұмыстарына жағдай жасау.

Жас мамандармен алғашқы жұмысымызды 2019-2020 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру, мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру, Жас мамандарға көмек көрсету мақсатында тәлімгерлер тағайындау, Мектеп құжаттарын жүргізу жайлы нұсқаулар (электронды күнделіктің уақытылы толтырылуы, оқушылардың дәптерлері) Жас мамандарға арналған жаднамамен таныстыру жұмыстарынан бастадық. Отырысымызға ДӘЖЖО Ш.Сисенова мен тәжірибелі ұстаз физика пәнінің мұғалімі Қ.Лукпанова қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп жас мамандарға сәттілік тіледі.

Жас мамандарға алғашқы күннен бастап мектебіміздің тәжірибелі ұстаздар тәлімгер етіп бекітіліп , тәлімгерлермен жас мамандармен жұмыс жоспарлары талқыланды. **Жас мамандарға төмендегі тәлімгерлер бекітілді:**

1	*Амангельдиева Гулжанат Кайратовна*	Куангалиева Гульзира Мендигалиевна
2	*Суйншева Назерке Әлібекқызы*	Шахина Ляззат Губайдуллиновна
3	*Базарбаева Қарылгаш Гилманқызы*	Тогжанова Айнур Русланқызы
4	*Табылдиева Айымгул Ерікқызы*	Аманшина Таңжұлдыз Алеуметовна
5	*Утепкалиева Нургул Утепкалиевна*	Мусина Айдана Калаповна
6	*Жексенова Лунара Амантаевна*	Сисенова Айгуль Сериккалиевна
7	*Шиганбаев Ерекен Умирзакович*	Кенжеалиева Лолита Талаповна
8	*Сейтен Гульфариза Өмірбекқызы*	Имангалиева Айкоркем Тлеккабыловна
9	*Айтжан Ботагөз Талғатқызы*	Тоқсанова Гулмира Мырзатаевна
10	*Шәріпова Альфия Қуанышқызы*	Ахметова Самал Бақытжановна
11	*Жұмагерей Индира Асылбекқызы*	Шакирова Жарқынай Замировна
12	*Қадырболатов Аманат Бекнұрұлы*	Убаев Бейбит Ибатович
13	*Ищанова Румия Окасовна*	Мурзашева Айымгул Сансызбаевна
14	*Шайдулова Бибигул Алексейқызы*	Куанова Дамира Амангалиевна
15	*Салықова Айкөркем Абайқызы*	Рахматуллина Замзагул
16	*Утегенова Әсел Алтайқызы*	Дюсенбаева Ляззат Серикбаевна
17	*Мирманова Нұргүл Аянқызы*	Ақдаулетова Қымбат

18	*Жалмұхан Жұлдыз Аманқосқызы*	Саматаева Гаухар Адыхаймовна
19	*Абдулова Айдана Дүйсенбайқызы*	Капанова Актоты Мендигерейқызы
20	*Азаматова Раушан Асылбекқызы*	Каюбалиева Гүлназ Табылдиевна
21	*Жәрдемова Аяжан Маратқызы*	Исмагулова Дина
22	*Салауатова Дана Дарханқызы*	Омарова Айгул Нугмановна
23	*Сабыргалиева Алия Максотовна*	Дусанова Дарига Сайпеденовна
24	*Серікбай Айгерім*	Сисенова Шолпан Сериккалиевна

Жас мамандармен және олардың тәлімгерлерімен біріккен «Тапқыр достар» интеллектуалдық сайысы оздырылды. Сегіз жас маман мен төрт тәжірибелі ұстаз қатысып, әрқайсысы номинацияларға ие болды. Сайыс 5 турдан тұрды. Қас-қағым сәт, мақал - сөздің мәйегі, жыр шашу, кім тапқыр. Бұл сайыста жас мамандар флешмобпен ашып, сайысымызды жандандыра түсті. Әділ қазы алқалары сайыс қатысушыларын бағалап отырды. Олар Тлекенова Б.С., Сисенова Ш.С, Темирбаева Қ.Х.

Әрбір екі жас маман мен бір тәжірибелі ұстаз топ құрып өз топтарының атын қойып, ұранын айтып таныстырды.

Жас мамандар сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектебіне барып «Оралым алтын бесігім» атты семинарға қатысып, тәжірибелі ұстаздардың еңбектерімен танысты. Сонымен бірге мектебімізде өткізілген «Жалпы адамзаттық құндылықтар мектептің біртұтас педагогикалық үдерісінің негіздері» тақырыбында семинарға қатысып, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісті.

Қаңтар айында жас мамандарға Талапова Асемгуль Қайратовна мен Назарова Шынар Талғатқызының ұйымдастыруымен «Жас педагогтарда кездесетін қиындықтармен оларды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Ақпан айында жоспарға сайкес «Шығармашылықтың шыңы - ізденісте» тақырыбында жас мамандар апталығы өткізілді. Мақсаты: Жас мамандардың жаңа инновациялық технологияларды іс тәжірибеде қолдануы. Сайысқа он бір жас маман қатысып, өздерінің үш жылда жинаған тәжірибелерімен бөлісті. І бөлімде мұғалімдер ашық сабақтар өткізді. Сейтен Гүлфариза «Достық қымбат өмірде», Амангелдиева Гүлжанат «Тамыры терең тәрбие», Шайдулова Бибигуль «Менің сыныптасым», Сабыргалиева Алия «Из истории одежды», Салауатова Дана «Healthy bodies», Жумагерей Индира «Жұптық және топтық ойындар», Қадырболатов Аманат «Ұлы жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырады», Қабулкай Арухан «Ғаламшарлар қалай орналасқан», Базарбаева Қарлығаш «Жұрнақ пен жалғау», Шәріпова Альфия «бір айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу», Жексенова Лунара «Қазақстандағы әкімшілік аумақтық реформалар». Екінші бөлімде І кезеңде «Шығармашылық

таныстырылым», II кезеңде «Үздік контент», үшінші кезеңде «Әлеуметтік жоба», төртінші кезеңде «Жағдаяттық сұрақтар». Байқау бойынша I орынды Аманат Бекнұрұлы, II орынды Арухан Аманжолқызы, III орынды Альфия Қуанышқызы иеленді.

Қорытындылай келе, мектебіміздегі шығармашылық топтар жұмысының деңгейі өте жақсы, бір ізділік жүйесіне қойылған деп айтуға әбден болады.

Мектепте қазіргі таңда 9 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды. Әр бірлестік өзінің алдына қойған мақсат, міндеттеріне және мектептің әдістемелік қызметі белгілеген бағыттарда жұмыс жасап келеді.

Мұғалім шеберлігін арттыру, кәсіби біліктілігін дамыту мақсатында «Үздік мұғалім», «Ең үздік сынып жетекшісі», «Дарынды бала портфолиосы» «Үздік бірлестік» сайыстары жоспарлы өтіп отырады.

Сондай-ақ, мектеп жұмысында қазіргі таңда қабілетті және дарынды оқушылармен жұмысқа ерекше назар аударылуда. Барлық мақсатты жұмыс қалалық білім беру бөлімі және облыстық «Дарын» қосымша білім орталығымен бірлесіп атқарылады.

Барлық әдістемелік жұмыстарды мектептің Әдістемелік Кеңесі басқарады. Әдістемелік кеңес құрамына директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, шығармашылық топ жетекшілері кіреді.

Мектептің өзекті мәселесін іске асыру барысында 4 әдістемелік отырыстар өтті.

№1. Дарынды баламен жұмыстың ұйымдастырылуы. Дарынды оқушылар орталықтарының құрылуы.

№2. Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды жүзеге асыру жолдары.

№3. Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру, өздігінен білім алу және өзіндік дамуы.

№4. Мұғалімдердің кәсіби қызметінің диагностикасы. «Үздік ұстаз», «Үздік бірлестік» марапаттауына ұсыну, ұйымдастыру.

ZOOM платформасында оздырылған қорытынды педагогикалық кеңес отырысында әр бірлестік жетекшісі жылдың жұмыс нәтижесінің рейтингісіне қарай «Үздік ұстаз -2020» номинациясы бойынша мұғалімді ұсынып, марапатталды: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні -Шахина Л.Г., МИФ-Нурмуханбетова Д.У., орыс тілі мен әдебиеті - Сисенова Ш.С., жаратылыстану –Закиева Г.У., ағылшын тілі – Дюсенбаева Л.С., дене шынықтыру - Қуанғалиев Т.Ғ, технология – Туребаев А.М, бастауыш сыныптардан-Аманшина Т.Ә., тарих – Убаев Б.И, мектеп кураторы – Назарова Ш.Т. Ал, оқу жылының қорытындысы бойынша «Үздік бірлестік» номинациясын Ағылшын тілі бірлестігі жеңіп алды. Жетекшісі Рахматуллина З.Ж.

Барлық бірлестіктердің қамтылуымен қазан айынан наурыз айына дейін әдістемелік апталықтар мен семинарлар жоспарланып, өткізілді. Әдістемелік семинарларда ашық сабақтар, пәндік апталықтарда сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп, үздік сабақтар мен шаралар анықталып, талданып отырды.

Дарынды оқушылармен жұмыс 3 бағытта жүргізілді:

1. Олимпиадаға дайындық жұмыстары;
2. Қызығушылықтары бойынша үйірмелер;
3. Ғылыми жобалар сайысы.

Мектеп-гимназия бойынша қалалық ғылыми жобалар байқауына 14 оқушы қатысып, нәтижесінде 10 оқушы (I орын – 2, II орын-3, III орын – 1 және Алғыс хат-4) үздік нәтиже көрсетіп, марапатталды. Облыстық кезеңге 8 оқушы қатысып, 6-уы жүлделі орындарға ие болды. (II орын-3, III орын – 1 және Алғыс хат-2)

Білімнің нағыз шыңы саналатын оқушылардың пәндік олимпиадасы - мектептің білім айнасы іспетті. Себебі, жылдар бойы облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға шәкірт дайындау мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Атап айтқанда, 2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардан қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, математика, физика, биология, өзін өзі тану пәндері жоғары нәтиже көрсете білді. Шәкірттеріміздің облыстық, қалалық деңгейдегі жетістіктері қалыпты жағдайға айналса, республикалық, халықаралық деңгейдегі жетістіктері де жетерлік. Айта кететін жайт, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың облыстық кезеңінде ағылшын тілі пәні бойынша І-орын алып, 100% Грант иегері атанған 11б сынып оқушысы Нариманова Аружан (мұғалімі Саматаева Г.А.), республикалық кезеңге жолдама алды. Өкінішке орай, елімізде Пандемия жағдайының орын алуына байланысты олимпиаданың республикалық кезеңін өткізу кейінге шегерілді.

Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы бойынша 2019-2020 оқу жылы аймақтық олимпиадаға негізгі пәндерден 8-11 сыныптардың оқушысы қатысты. Аймақтық олимпиада қорытындысы бойынша 25 оқушы қалалық олимпиадаға жіберілді. Қалалық пәндік олимпиаданың қорытындысында 2 оқушы-2 орын, 6 оқушы - 3 орын, 4 оқушы Алғыс хатқа ие болды. Жалпы жеңімпаздар саны- 12. Облыстық олимпиадаға 2 оқушы жолдама алып, 1-оқушы ағылшын тілі пәнінен І орын алды.

Қалалық олимпиада (негізгі пәндер 8-11 сыныптар)

І орын-

ІІ орын-**2**

ІІІ орын-**6**

А.Х.- **4**

№	Пәні	Оқушының аты- жөні	сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты- жөні
1	Қазақ тілі	Қасымова Гаухар	11 «В»	ІІІ	Шахина Л.Ғ
2	Орыс тілі	Мурзабулатова Камилла Мулдашева Ляйса	11 «Б» 9 «А»	ІІІ ІІ	Беркина С.С. Мурзашева А.С.
3	Математика	Мақсот Елжан	9 «В»	А.Х	Нурмуханбетова Д.У.
4	Физика	Мақсот Еламан	10 «Б»	ІІІ	Жексенғалиева Г.Ж
5	Биология	Самигуллина Гүлназ Амангельдиева Аида	8 11	ІІІ А.Х	Закиева Г.У Закиева Г.У
6	Ағылшын тілі	Темирова Камила Акимгалиева Милена Максутова Гулден Нариманова Аружан	10 10 8 11	А.Х ІІІ А.Х ІІ	Дюсенбаева Л.С Саматаева Г.А Тасжанова М.Т Саматаева Г.А

7	Өзін-өзі тану	Тажмуханова Алтынай	11 В	III	Тлекенова Б.С.

Қалалық кіші пәндік олимпиада наурыз айында елімізде Пандемия жағдайының орын алуына байланысты оздырылмады. Тек қана ағылшын тілі пәні бойынша өтті. 1 оқушы қатысып, Алғыс хатқа ие болды.

№	Пәні	Оқушының аты- жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты- жөні
1	Ағылшын тілі	Мұрат Әлима	7 «В»	Алғыс Хат	Рахматуллина З.Ж

Барлық жүлделі орынға ие болған оқушылардың пән мұғалімдеріне мектеп әкімшілігі тарапынан Алғыс жарияланып, педагогикалық кеңесте олимпиада нәтижесі талданды және жаңа оқу жылына нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қоса, республикалық кіші олимпиадада жалпы саны – 48 оқушының 21-і I орын, 14 оқушы II орын, 13 оқушы III орынға ие болып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

№	Пәні	Оқушының аты- жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты- жөні
1	Химия	Қабесов Әліби	8 А	II	Урбисенова А.К
		Максутова Гүлден	8А	II	Урбисенова А.К
		Маликов Алишер	8А	III	Урбисенова А.К
		Жасқайратова Динара	9А	III	Урбисенова А.К
		Мулдашева Ляйса	9А	III	Урбисенова А.К
		Кубашев Аңсар	11В	I	Урбисенова А.К
		Койшегулова Газиза	11Б	I	Урбисенова А.К
		Тажокова Балауса	11Б	III	Урбисенова А.К
		Халелова А	7Б	I	Кабылкайрова Г.А
		Нигметова А	7Б	II	Кабылкайрова Г.А
		Тілекқабыл А	7Б	III	Кабылкайрова Г.А
		Ілес О	7В	III	Кабылкайрова Г.А
		Шайхиева Д	8Г	II	Кабылкайрова Г.А
		Самигуллина Гүлназ	8В	III	Кабылкайрова Г.А

2	Биология	Шайхиева Дариға Самигуллина Гүлназ Тілекқабыл А Ілес О Халелова А Нигметова А	8Г 8В 7В 7В 7Б 7Б	II III III III I II	Закиева Г.У Закиева Г.У Имангалиева А.Т Имангалиева А.Т Исмагулова Д.М Исмагулова Д.М
3	География	Акимгалиева Милена Галимов Дамир Талап Сания Қабесов Аліби Максутова Гүлден Маликов Алишер	10Б 9В 8А 8А 8А 8А	III I I II II III	Кенжеалиева Л.Т Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е
3	Орыс тілі	Игалиева Айзере Аманжолова Айару Мадина Аскар Кисагалиева Медина ИдресоваАсем Ахметжан Жаркынай Кереева Бибинур Жаркеев Ерасыл Каресов Ержан Серик Арайлым Жаксылык Аружан Тлеккабылова Камила Хусайнова Айару Абуханова Наргиза Кажгалиева Дильназ Нигметова Дильназ Ермуканов Рамадан Кожахмет Мирас Шапекова Томирис Сайлау Назерке Баекесова Мадина Нигметова Дильназ	6Ж 6Ж 5А 6Е 6Г 6Е 5Д 6А 6А 6Г 5А 6Г 6Ж 6Е 6А 6Е 6Г 6А 6А 5Г 6А 6А	I I I I I I I I I I I I I II II II II II II III I I	Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Закирова Э.Ж. Ищанова Р.О. Ищанова Р.О. Ищанова Р.О.

Халықаралық пәндік олимпиада-28

I орын- **5**

II орын- **13**

III орын- **10**

А.Х.-

№	Пәні	Оқушының аты- жөні	Сыныбы	Орны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Химия	Қабесов Аліби Мукангали Перизат Хамидолла Айдос Нурлешова Мерейім Мажитова Наргиза Тажокова Балауса Ербулеков Әділ Енсап Аяулым	8А 9А 10Б 10А 11Б 11Б 11Б 8В	III II II III II III III III	Урбисенова А.К Урбисенова А.К Урбисенова А.К Урбисенова А.К Урбисенова А.К Урбисенова А.К Урбисенова А.К Кабылкайрова Г.А
2	Биология	Мукангали Перизат Хамидолла Айдос Нурлешова Мерейім Мажитова Наргиза Тажокова Балауса Ербулеков Әділ Енсап Аяулым	9А 10Б 10А 11Б 11Б 11Б 8В	II II III II III II III	Закиева Г.У Закиева Г.У Закиева Г.У Закиева Г.У Закиева Г.У Закиева Г.У Закиева Г.У
3	География	Қабесов Аліби Галимов Дамир Салхай Таир Мукангали Перизат Хамидолла Айдос Енсап Аяулым	8А 9А 9В 9А 10Б 8В	III I II II II III	Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Ризуанова К.Е Кенжеалиева Л.Т Кенжеалиева Л.Т
4	Орыс тілі	Габдуллина Лейла Юсупова Айслу	10 «А» 10 «А»	I II	Мурзашева А.С. Мурзашева А.С.

		Хамзина Аяжан	11 «В»	II	Дусанова Д.С.
		Имангалиева Айя	11 «В»	I	Дусанова Д.С.
		Ильясов Дастан	10 «Б»	II	Сисенова Ш.С.
		Уразбекова Анса	11 «А»	I	Беркина С.С.
		Хамидуллин Айдос	10 «Б»	I	Сисенова Ш.С.

2019-2020 оқу жылында өз біліктілігін көтеруге 25 мұғалім өтініш берген болатын. Жаңа форматтағы ҰБТ-ді маусым, шілде айларында мұғалімдер кезең-кезеңмен тапсырды, 7-мұғалім зерттеуші, 4 мұғалім педагог-сарапшы және 6 мұғалім педагог-модератор санатына біліктілік тестін сәтті тапсырып, 2-кезеңге портфолиолары жинақталып қалалық білім беру бөліміне тапсырылды. Карантиндік шараларға байланысты қалған 7-мұғалім қыркүйек айына шегерілді. Бір мұғалім - Темирбаева Қ.Х. «тест кезінде тыйым салынған құралдарды қолданды» деген себеппен АКТ толтырылып, аудиториядан шығарылды.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ КӨЗДЕГЕН НӘТИЖЕСІ - ЖАН-ЖАҚТЫ ІЗДЕНГЕН, ШЫҒАРМАШЫЛ, ЗАМАНАУИ КАДРЛАР ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

Педагогикалық кадрлардың өсу динамикасы

2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
107 мұғалім Жоғары- 23 1 санатты-31 2 санатты-26 Санатсыз-25	130 мұғалім Жоғары- 24 1 санатты-40 2 санатты-20 Санатсыз-46	136 мұғалім Жоғары- 8 Зерттеуші-24 1 санатты-16 Сарапшы - 15 2 санатты-20 Модератор - 18 Санатсыз-35

Білім жетілдіру курсына қатысу

Оқу жылы	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	мұғалім	%	мұғалім	%	мұғалім	%

АҚ филиалы НЦПК «Өрлеу», Республикалық ИПК	1	4	1	4	3	2,2
ОблИПКиКП	24	23	53	50	13	9,5
Ақылы курс	-	-	-	-	-	-
Деңгейлік оқу	-	-	6	5	-	-

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

Оқу жылы	**2017-2018 оқу жылы**		**2018-2019 оқу жылы**		**2019-2020 оқу жылы**	
	мұғалім	%	Мұғалім	%	Мұғалім	%
Барлығы ұстаздар саны	88	100	107	100	136	100
Санаты бар барлығы	69	78	80	75	101	74,2
жоғары	22	25	23	22	32	23,5
бірінші	24	27	31	29	31	23
екінші	23	26	26	25	38	28
санатсыз	19	22	25	24	35	26
Сапалық құрамы	**53**		**50**		**46,3**	

Педагогикалық құрам мүшелерінде (97%) жоғары педагогикалық білімі бар. 6 мұғалімде арнайы орта.

Педагогикалық ұжымның біліміне қарай сапалық құрамы

Оқу жылы	**2017-2018**		**2018-2019**		**2019-2020 оқу жылы**	
	мұғалім	%	**мұғалім**	%	**мұғалім**	%
Мұғалімдер саны	88	100	107	100	136	100
Жоғары білім	81	93	91	85	132	97
Арнайы орта	7	7	11	10	4	3
ЖОО-да оқып жатқандар саны	5	6	5	6	2	2

Еңбек өтілі бойынша педкадр құрамы

Оқу жылы	**2015-2016**		**2016-2017**		**2017-2018**	
	мұғалім	**%**	**мұғалім**	**%**	**мұғалім**	**%**
3 жылға дейін	8	10	18	20	23	21

3 жылдан 8 жыл	13	17	12	14	13	12
9 жылдан 16 жыл	15	19	18	20	16	14
17 жылдан 20 жыл	7	9	9	10	16	14
20 жылдан жоғары	35	45	31	35	39	36

Педкадрдің жасына қарай құрамы

Оқу жылы	**2015-2016**		**2016-2017**		**2017-2018**	
	мұғалім	**%**	**мұғалім**	**%**	**мұғалім**	**%**
19-30 жас	12	15	26	30	23	21
31-40 жас	30	38	21	24	21	19
41-50 жас	24	31	23	26	45	42
50-60 жас	12	15	18	20	18	16
Барлығы	**78**		**88**		**107**	

Дамыған елу елдің қатарында болу – еліміздің даму стратегиясының басты саясаты. Елдің дамығандығының белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, мұның барып тірелер жері – білім, ал білім беру тетігі – мұғалім. Сондықтан да мектептегі әдістемелік қызметтің мұғалім мәртебесін көтеру, мұғалімді кәсіби даярлауда атқаратын қызметі зор.

Білім жетілдіру, курстан өту (обл ИПК, РИПКСО).

10.Жаңа технологияны енгізу

№	**Оқыту технологиялары**	**Мұғалімнің аты-жөні**	**Сертифиткат нөмері, берілген уақыты**	**Пәні**	**Меңгеру деңгейі A_1, A_2, B_1,B_2,C_1**
10.1	**Сыни тұрғыдан оқыту мен жазу**	Рахматуллина З.Ж	№017113	Ағылшын	
		Омарова А.Н	№021256	Ағылшын	
		Ақдаулетова Қ.Х	№037416	Ағылшын	
		Саматаева Г.А	№031212	Ағылшын	
10.2	**Ақпараттық-комм уникат. техн.**	Омарова А.Н	№	Ағылшын	
		Рахматуллина З.Ж	№00644996	Ағылшын	
		Саматаева Г.А	№116075	Ағылшын	
		Салықова А.А	Сертификат	Ағылшын тілі	

			№0441403		
		Салауатова Д.Д	Сертификат №0441392	Ағылшын тілі	
		Мусина А М	БЖ №009155; 18.03.19	математика	
		Шангалиева Ж Ж	БЖ №014789; 27.08.19	математика	
10.6	**Робототехника**	Ахметова С.Б.	№0286500 , 2018	математика	
		Каюбалиева Г Т	№0286501 , 2018	математика	
		Нурмуханбетова Д У	№0286502 , 2018	математика	
10.7	**«Инклюзивті білім беру»**	Өтегенова Ә.А	Сертификат №0305374	Ағылшын тілі	
		Салықова А.А	Сертификат №0305375	Ағылшын тілі	
		Ақдаулетоа Қ.Х	Сертификат №0305358	Ағылшын тілі	
		Кажыгалиева Г.Б	Сертификат №0305359	Ағылшын тілі	
		Айтжан Б.Т	Сертификат №0330459	Әлеуметтік педагог	
		Мусина А.А	Сертификат №0330515	Психолог	
	«Ағылшын тілі бойынша бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау»	Рахматуллина З.Ж	Сертификат №0102458	Ағылшын тілі	
		Омарова А.Н	Сертификат №0102451	Ағылшын тілі	
		Кажгалиева Г.Б	Сертификат №0102453	Ағылшын тілі	

X. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

№	Байқаулар	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Қалалық	18	24	7

2	Облыстық	11	52	23
3	Республикалық	29	125	30
4	Халықаралық	10	-	19
	Барлығы	**68**	**201**	**79**

Г. 1. Қалалық шығармашылық конференциялар

№	Конференция	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Қалалық	13	2	6
2	Облыстық	10	12	6
3	Республикалық	5	3	1
4	Халықаралық	5	-	2
	Барлығы	**33**	**17**	**15**

D. 1. **Басылым, газет, журнал-**
Халықаралық- Республикалық- Облыстық- Қалалық-

№	Балысылымдар	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Облыстық	44	9	5
2	Республикалық	77	63	85
3	Халықаралық		-	9
	Барлығы	**33**	**72**	**99**

Е. Әдістемелік нұсқаулар, іс-тәжірибе тарату (брошюра)-
Халықаралық-Республикалық-Облыстық- 9 Қалалық-14

№	Авторлық, бейімделген курстар мен бағдарламалар	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Қалалық	17	6	7
2	Облыстық	11	19	18
3	Республика		2	-
	Барлығы	**28**	**27**	**25**

З. Ашық сабақтар

№	Ашық сабақтар	2017-2018	2018-2019	2019-2020

1	Қалалық	41	10	3
2	Облыстық	25	1	7
3	Республика			2
	Барлығы	**66**	**11**	**12**

И.1. Семинарлар

№	Семинар	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	Қалалық	9	9	29
2	Облыстық	3	1	3
3	Республика		3	-
	Барлығы	**66**	**13**	**32**

ЖММ, ОТМ- нің ұйымдастырылуы

№	Атауы	Жетекшінің аты-жөні	қалалық	Бұйрығы
1	ЖММ	Қуанғалиев Т.Ғ.	қалалық	10.08.2019 №195-Ө
2	«Time for CLIL in Core subjects»	Урбисенова А.К	қалалық	№ 195. 10.09.2019
3	ЖММ	Каюбалиева Г.Т.	қалалық	10.08.2019 №195-Ө

ҚАШЫҚТЫҚТАН өткізілген шығармашылық жұмыстар - 4

№	Дайындаған бейнесабақ атауы	тақырыбы	Мұғал аты-жөні	Уақыты	республика	облыс	қала
1	Цифровой образовательный ресурс /ЦОР/	«Human body»	Дюсенбаева Л.С	Мамыр 2020		«Өрлеу» АҚ біліктілікті арттыру орталығының ресми ЮТУБ каналы 2020ж.	

2	Бейне сабақтар байқауы	"Ғарышқа сапар"	Байдашева Н.Б	08.04.2020	респуб		
3	«Ұстаз күнделігі» байқауы	Ұстаз күнделігі	Каюбалиева Г.Т.	21.04.2020			«Оқушылармен үздік кері байланыс ұйымдастырушы» номинациясы
4	Қашықтан бейне сабақтар байқауы	"Сақтар"	Сисенова А.С.	2020 ж.	республика	**облыс**	

10.2. Қалалық, облыстық қашықтықтан өткізілген іс-шаралар -3

Тақырыбы	Өтілу мерзімі	Түрі (форма, платформа)	Басымды болған жұмыстар	Кедергілер
«Абай оқулары»	Мамыр 2020	Мұрат Әлима. ҚББ Инстаграм, Ютуб каналы		-
«Қашықтық оқыту кезеңіндегі сабақ беруде жаңа технологияны қолдана отырып әртүрлі бағдарламамен жұмыс жасау және оның тиімділігін тәжірибе арқылы бөлісу”	27.04.2020	ZOOM	Қашықтықтан оқыту жағдайында сабақтарды тиімді ұйымдастыру,қашықтықтан оқытудағы алғашқы қадамдардың нәтижесі, әріптестер арасында іс-тәжірибе алмасу,ой бөлісу.	Әріптестердің жаңа технологияға байланысты, аз білуі, яғни аз ақпараттанулары
«Қашықтық оқыту	24.04.2020	ZOOM..	Қашықтықтан оқыту жағдайында сабақтарды тиімді	Әріптестердің жаңа технологияға

кезеңіндегі сабақ беруде жаңа технологияны қолдана отырып әртүрлі бағдарламамен жұмыс жасау және оның тиімділігін тәжірибе арқылы бөлісу”			ұйымдастыру,қашықтықтан оқытудағы алғашқы қадамдардың нәтижесі, әріптестер арасында іс-тәжірибе алмасу,ой бөлісу.	байланысты, аз білуі, яғни аз ақпараттанулары

Жаратылыстану пәндерінің ағылшын тілінде жүргізілуі.


№	Пәні	Сыныбы	Оқушы саны	Мұғалімнің аты-жөні
1	Биология	9 а	25	Закиева Г.У
2	Химия	8 а	26	Урбисенова А.К
3	Химия	8 г	13	Кабылкайрова Г.А
4	Биология	7 д	27	Исмагулова Д.М
5	Биология	8 в	11	Имангалиева А.Т
6	Биология	9 а	25	Закиева Г.У
7	Химия	8 а	26	Урбисенова А.К
8	Химия	8 г	13	Кабылкайрова Г.А
9	Биология	7 д	27	Исмагулова Д.М
10	Биология	8 в	11	Имангалиева А.Т


Педагогикалық кеңес жұмысының жоспары

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	**Педагогикалық кеңестер** **«2020-2021 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру»** 1. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау. Түлектердің мектепті аяқтау қорытындысы. 2. Жаңа оқу жылы жоспары. Мектептің даму жоспарымен таныстыру. 3. Жаңа оқу жылына міндет пен мақсат. 4. Сыйақы беру туралы ережемен ұжымды таныстыру, бекіту.	тамыз	Тлекенова Б.С. Нурекешева А.С Дюсенбаева Л.С.

2	**Кіші педагогикалық кеңес** **1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес өткізілетін іс- шараларымен таныстыру.**	қыркүйек	Мырзашева Э.Н.
3	**«Қазіргі заман сабағын қалай дайындау керек?»** 1.«Оқушы үні» жобасын қорытындылау. Мониторинг қорытындысы 2.Топтық жұмыс: «Сабақты жақсарту жолы» 3.I тоқсан қорытындысы	қараша	Дюсенбаева Л.С. Урбисенова А.К. Мурзашева А.С. Зулкашева Ш.М.
3	**«Жаңа мазмұн, жаңаша оқыту, жаңа дағды»**	қаңтар	Карагойшина Г.Ж.
4	**Оқушының тұлғалық, танымдық белсенділігін қалыптастыру моделі «Менің пікірім құнды»**	наурыз	Жаннатова А.К.
5	**Жетістіктер жәрмеңкесі.** 1-4 сыныптар оқушыларын келесі сыныпқа көшіру.Оқушыларды емтиханға жіберу туралы. Осы сыныптардың оқу озаттарын мақтау қағазымен марапаттау. Топтармен жұмыс. Оқу жылының қорытындысы.	мамыр	Директор орынбасарлары Сынып жетекшілері Бірлестік жетекшілері Байдашева Н.Б.

Мектептің әдістемелік жұмысының құрылымы
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАМ





А. 1. О**лимпиада(негізгі пәндер 8-11 сыныптар)**

№	Олимпиада	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	қалалық негізгі пәндер	14	10	12
2	облыстық негізгі пәндер	1	1	1
3	Республикалық негізгі пәндер	31	299	48
4	Қалалық кіші олимпиада	10	14	1
5	Халықаралық олимпиада			28
	Барлығы	**56**	**324**	**90**
Ескерту! Биылғы Пандемия жағдайында кіші олимпиада, республикалық олимпиадалар оздырылмады.				

Б. 1. Ғылыми жобалар сайысы

№	Ғылыми жоба	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	қалалық	5	12	10
2	облыстық	3	2	6
3	республикалық		2	
	Барлығы	**8**	**16**	**16**

В. 1. Байқау, спорттық жарыс, интеллектуалдық сайыстар

№	Байқаулар	2017-2018	2018-2019	2019-2020
1	қалалық	71	91	69
2	облыстық	53	71	51
3	Республикалық	76	141	255
4	Халықаралық	10	2	48
	Барлығы	**200**	**305**	**423**

Мақсат пен міндет:

1.Стратегиялық бағыт:

-білім беру үдерісінің міндетті стандарт деңгейінің орындалуын қамтамасыз ету;

- қашықтан оқыту барысында вариативтік компоненттің қамтылуын қадағалау.

2. Педагог кадрлармен жұмыс.

-ұжым мүшелерін қашықтан оқыту курстарынан өткізу арқылы, біліктіліктерін арттыру;

-қашықтан оқыту барысында ұстаздарды әдістемелік қолдау мақсатында мастер класс, вебинар, семинарларды жүйелі өткізу;

-жаңа білім беру платформаларын меңгеру арқылы IT құзіреттіліктерін арттыру;

-педагогтердің әдіснамалық, психологиялық, технологиялық дайындығын теориялық жағынан қамтамасыз ету;

-ұстаздар қауымына өзін-өзі дамыту, кәсіби шеберлігін жетілдіруге жан-жақты қолдау көрсету; сыйақы тағайындау арқылы кәсіби ынталандыру; («Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы, 27.12.2019ж. №293-YI ҚРЗ)

-мұғалімдердің шығармашылық ізденістерін арттыру мақсатында серіктестік орта құрып, ғылыми жобалармен жұмыстану.

3.Оқушылармен жұмыс

-Дарынды оқушылармен қашықтан оқыту және штаттық режимде оқыту барысында жеке жұмыс жоспарын құрып жұмыстануды жалғастыру.

-мектеп тәжірибесінде құзырлылық жолын жетілдіру. Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамыту.

- интерактивті әдіс-тәсілдерді оқушылар мен оқытушылардың табысты іс-әрекетінің шарты ретінде қолдану.

Жаңа оқу жылына міндет пен жобалар.

1.Әр оқушының табысты оқуына жағдай туғызу

-қашықтан оқыту барысында психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету;

-Білім беру стандартын барлық білім алушыларға меңгерту;

-Әр сынып, пәндер бойынша білім сапасын арттыру;
- бағдарлы сыныптардағы қолданбалы, таңдау курстарының жұмысын жетілдіру;
-жаңа технология мен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын дамыта отырып, оқушылардың пәндік құзырлылығын қалыптастыру.

2.Оқытуға жаңа технологияларды енгізу

-деңгейлік оқыту әдістерін белсенді қолдану;
-нәтижеге бағытталған құзырлы білім берудің жаңа моделін жобалау;
- шығармашылық топтардың жұмысының белсенділігін арттыру;
- Кембриджідік оқыту бағдарламасын кеңінен енгізу.

3.Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты жетілдіру:

- бағдарлы оқытудың бағытын дұрыс анықтау үшін 7-9 сыныптарда түсіндіру жұмыстарын нығайту.
- мұғалімдер мен оқушылардың зерттеу жұмысын арттыру;
- қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

2. Д.Қонаев атындағы №44 МГ білім сапасының талдау сараптамасы

Сыныбы	Оқушы саны	2018-2019 о.ж жылдық	2019-2020 о.ж I тоқсан	2019-2020 о.ж II тоқсан	2019-2020 о.ж III тоқсан	2019-2020 о.ж IV тоқсан	2019-2020 о.ж жылдық	Өзгеріс
1-4	675/**762**	**84,59%**	**77,30%**	**77,29%**	**80,03%**	**93,83%**	**92,26%**	8,60 % өсті
5-8	495/**579**	**58,18%**	**46,27%**	**49,57%**	**53,63%**	**53,54%**	**57,34%**	0,84 % түсті
9	90/**103**	**46,67%**	**28,00%**	**29,00%**	**35,92%**	**41,75%**	**45,63%**	1,04 % түсті
10-11	146/**150**	**59,59%**	**38,89%**	**44,06%**	**50,00 %**	**63,33 %**	**58,00 %**	1,59 % түсті

1-11	1406/**1594**	**70,27%**	**56,63%**	**58,54%**	**64,76 %**	**72,96 %**	**73,34 %**	3,07 % өсті

Аналитикалық талдау

2019-2020 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша 1594 оқушымен аяқтап 73,34% білім сапасын көрсетіп отырмыз. Өткен 2018-2019 оқу жылымен салыстыратын болсақ, оқушы саны 1406-дан 1594 оқушыға көбейіп, ал озаттар саны 401-ден 486 оқушыға, екпінділер саны 587-ден 683 оқушыға өсіп отыр. Үлгермеуші оқушы жоқ, тоқсандық жиынтық бағалау кезінде болмаған уақытша бағаланбаған оқушы жоқ.

Білім сапасы былтырғы оқу жылғы жылдық қорытындысы бойынша 70,27% , үлгерім 100% , болса биылғы оқу жылының жылдық қорытындысында 73,34% білім сапасын, үлгерім сапасы 100 % болып , яғни 3,07 % өсіп отыр.

Бастауыш буында өткен оқу жылымен салыстыратын болсақ білім сапасы 84,59% көрсетсе, ал биылғы оқу жылының жылдық қорытындысында 92,26 % ке көтеріліп 8,60% өскен білім сапасын көрсетіп отыр.

5-8 сыныптарда 58,18% -ден 57,34% ға түскен, 0,84% -ға түскен білім сапасын көрсетті.

9 сыныптарда да білім сапасы 46,67 -ден 45,63% -ға төмендеп отыр.Жоғары 10-11 сыныптарда да білім сапасы 59,59% -58,00 % түсіп отыр. Жалпы мектеп бойынша өткен оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 3,07 % пайызға көтеріліп отыр.

Бір пәннен «3» шыққан оқушылар саны өткен 3 тоқсанымен салыстырғанда 48 оқушы болса, жылдық қорытынды бойынша 38 оқушы болып 10 оқушыға түсіп отыр.

2018-2019 оқу жылының жылдық қорытындысымен салыстырғанда білім сапасы 3,07 % пайызға өскені байқалады.

2019-2020 оқу жылының жылдық қорытындысының нәтижесін талдай отырып, 2018-2019 оқу жылының жылдық салыстырғанда орта буындарда білім сапасы өскен,ал бастауыш, жоғары буындарда білім сапасының төмендегені байқалып отыр. Оның себебі мектебімізге биылғы оқу жылы оқушылардың келуі көбейген, былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 188 оқушыға артып отырмыз. Мектепке қабылданған оқушылардың үлгерімі орташа.

Барлық сыныптарда мұғалімдер тарапынан қосымша жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың материалды қабылдауы, өз бетімен жұмыстарының жүргізілуі қадағалауға алынып, бақылау үстінде. Гимназиялық сағаттар, үйірме сағаттарының тиімді әдістерді пайдаланып оның нәтижелі етіп жүргізілуіне ұсыныстар берілді. Жоғарыда көрсетілген нәтиже бойынша , оқушыларының білім деңгейлерін көтеру бағытында жұмыстану айқындалып отыр. Пән мұғалімдеріне жеке оқушымен жұмыстың тиімділігін анықтау, жіберілген кемшіліктермен коррекциялық жұмыс жүргізу міндеттеліп отыр. Сондай-ақ, оқушылардың жауапкершіліктерін арттыруға да жұмыстанып жатырмыз. Алдағы оқу жылында білім сапасын арттырумен жұмыстану басты міндет деп отырмыз.

3. Д.Қонаев атындағы №44 МГ бастауыш сыныптар бойынша талдау сараптамасы

2019-2020 оқу жылын 1-4 сынып бойынша 763 оқушымен, мектепалды даярлық сыныбын 166 оқушымен басталды. Жыл соңында 1-4 сыныпты 762 оқушымен, мектепалды даярлық сыныбын 168 оқушымен аяқтадық. Барлығы 0,1-4 сыныпты 930 оқушы аяқтады

Соның ішінде: Өткен жылмен салыстырсақ

	2018-2019 оқу жылы соңы	**2019-2020 оқу жылы соңы**	**Өзгеріс**
0сыныптар	169оқушы	168оқушы	1оқушы (артқан)
1 сыныптар	203оқушы	215оқушы	12 оқушы(көбейген)

2 сыныптар	162 оқушы	207оқушы	45 оқушы(көбейген)
3сыныптар	166 оқушы	173 оқушы	7 оқушы(көбейген)
4 сыныптар	144 оқушы	167 оқушы	23 оқушы(көбейген)
1 -4сыныптар	**675 оқушы**	**762 оқушы**	**87 оқушы(көбейген)**
0,1-4сыныптар	**844оқушы**	**930 оқушы**	**88 оқушы(көбейген)**

Қозғалыс есебі.

	обл	Қала	Рес.	**Барлығы**
0сынып		5	2	**7**
1-4сынып	12	22	5	**39**

Кетті (0, 1-4 сынып)

	обл	Қала	Рес.	**Барлығы**
0сынып	2	6		**8**
1-4сынып	2	29	9	**40**

Келді: (1-4 сынып)

Оқу жылында жоспар бойынша білім,білік дағдыларының қалыптасуы қадағаланып,қорытынды жиынтық ,тоқсандық бағалау жұмыстары жүргізіліп,сараланып, талданып қорытындысы ӘБО отырысында қаралды. Назар аударсақ тоқсан сайын білім сапасының артып отырғанын көруге болады. Сонымен қатар 4тоқсанды қашықтықтан оқытылғандықтан ,бастауыш сыныптағы білім сапасы жоғары болып отыр .Оқушы ата-ананың көмегімен оқығандықтан да жоғары көрсеткіш болып тұр .

I. Білім сапасына талдау

Салыстырмалық тоқсандық білім сапасы

Жыл аяғында 370озат, 333 оқу екпіндісі, 59 орташа ,92,2 % білім сапасын көрсетті.

Өткен тоқсандағы көрсеткіштерге тоқталар болсақ

	озат	**екпінді**	**Білім сапасы**
I тоқсан	190	239	77,2%
II тоқсан	194	228	77,2%
III тоқсан	275	334	80%
IV тоқсан	393	322	93,7%
Жылдық	370	333	92,2%

Соңғы 3 жылғы білім сапасына тоқталар болсам:

Бастауыш бойынша 3 жылғы сыныптардың сандық, сапалық құрамы.

сынып	**2017-2018**		**2018-2019**		**2019-2020**	
	бала саны	білім сапасы	бала саны	білім сапасы	бала саны	білім сапасы
1 сын	152	86,1%	203	88,6%	215	99,5%
2 сын	157	82,1%	162	83,9%	207	89,9%

3 сын	141	80,8%	166	85,5%	173	87,2%
4 сын	149	82,5%	144	78,4%	167	91%
1-4	**599**	**82,9%**	**675 (76 оқушыға артқан)**	**84,5% (1,6%артқан)**	**762 (87 оқушыға артқан**	**92,2% (7,7%артқан)**

Білім сапасының қозғалысы бала санына да байланысты. Бала саны жыл сайын артып отыр . (76-87 балаға) Өткен жылдармен салыстырғанда 1,6-7,7 % (өсу)байқалады.

Сыныпаралық салыстырмалы білім сапасы көрсеткіштері

№	сынып	Iтоқсан	II тоқсан	IIIтоқсан	IVтоқсан	жылдық	Тоқсан басымен салыстыру
1	1сынып	-	-	84,1%	99%	99,5%	+15%
2	2сынып	77,4%	77,6%	80,5%	93,2%	89,9%	+12,5%
3	3сынып	77,5%	78%	78 %	90%	87,2%	+9,7%
4	4сынып	76,9%	76%	76%	91%	91%	+14,1%
	1-4 сын	77,2%	77,2%	80%	93,7%	92,2%	+15%

Сыныпаралық әр тоқсанды салыстырмалы қарасақ білім сапасы тоқсан сайын 12% дейін артып отыр .. Жылдық қорытындысы бойынша II жартыжылдықта білім сапасында 77,2-%-дан 92,2 %-ға яғни 15% дейін арту байқалады . Тоқсан басымен салыстырғанда барлық сыныптарда 9,7-15% аралығында өсу бар .. Нәтижесінде 1-4 сыныптар бойынша жыл басында 77,2 %-дан жыл соңы 92,2% -ға 15 % өскен ..Жыл бойы әр тоқсан сайын білім кесімдерін жүргізіліп ӘБО талданып,коррекция жұмыстары ұйымдастырылып отырды**.**

Әр сыныптың сыныпаралық салыстырмалы білім сапасы

1 сыныптар

Сынып	**Бала саны**	**I**	**II**	III	IY	Жылдық	Сынып жетекшілері
1а	27	-	-	88%	100%	100%	Мусағалиева В .Е
1б	27	-	-	77,7%	100%	100%	Адиетова Э .А
1в	28	---	-	82,1%	96,4%	96,4%	Аймаганбетова Н.А
1г	27	-	-	96%	96%	100%	Нуртазина Г.М
1д	26	-	-	80,7%	100%	100%	Танабаева А.Н
1е	27	-	-	81,4%	100%	100%	Хатемова А. Ж
1ж	27	-	-	85%	100%	100%	Құрмашева Ұ

1з	26	-	-	80,7%	100%	100%	Капуова А
1 сын	**215**	**-**	**-**	84,1%	99%	99,5%	

2 сыныптар

Сын	**Бала саны**	**I**	**II**	**III**	**IY**	**Жыл**	**Өзгеріс 3тоқ салыс**	**Сынып жетекшілері**
2а	26	76%	76%	76%	88%	88%	12%(өсу)	Тоғжанова А.Р
2б	26	73%	65,3%	76,9%	100%	88,4%	11,5%(өсу	Имангалиева Ж.У
2в	25	72%	76%	84%	84%	84%	%(тұрақты)	Қабылханова А Е
2г	29	72%	72%	75%	93%	89%	14%(өсу)	Базарбаева Қ.
2д	24	83,3%	83,3%	82,6%	91,6%	87,5%	4,9%(өсу)	Табылдиева А.Е
2е	24	84%	82,6%	83%	91%	91 %	8%(өсу)	Куанова Н А
2ж	29	76,6%	82,7%	86,2%	100%	100%	13,8%(өсу)	Аманшина Т.Ә
2з	24	82,6%	83,3%	79%	95%	91,6%	12,6%(өсу)	Қабдулқай А.
2 сын.	**207**	**77,4%**	**77,6%**	**80,5%**	93,2%	89,9%	9,5%(өсу)	

Барлық сынып бағдарламаны толық меңгерді . 2 сыныптардың білім сапасы, бағдарламаны міндетті деңгейде меңгеруі өте жақсы деңгейде. Тоқсандық білім сапаларын салыстырғанда білім сапасының тұрақты және 4тоқсанда 12% білім сапасы артып отыр .
Жалпы 2 сыныптар бағдарламаны толық меңгеріп отыр . Дегенмен де қиналатын,көмекті көп қажет ететін, ата-ана тарапынан қадағалауды қажет ететін оқушылар бар .Олар : Бимратова (2з), Имангалиева С-2д ,Аманғали Н,Батырғалиев Е-2 е,Айгалиева Ж,Макаев С-2б,Харун Е-2ж)

3 сыныптар

Сын	**Бала саны**	**I**	**II**	**III**	**IY**	**Жылдық**	**өзгеріс**	**Сынып жетекшілері**
3а	30	86,6%	80,6%	86,6%	96,6 %	96,3%	+10%	Исмагулова М
3б	28	77%	78,5%	75%	96,4 %	92,8%	+17,8%	Бекмулдина Ж
3в	30	77%	78,5%	79,3%	96,5 %	89,6%	+11,5%	Кукенова В
3г	30	72%	75%	73%	80%	83%	+10%	Дүйсешова Г
3д	29	70%	75%	74%	85%	81%	+7%	Сатыбалды Ж

3е	29	85,4%	79,3%	79%	86,2 %	82,7%	+3,7%	Аязбаева Н
3 сын	**173**	**77,5**%	78%	78%	90%	87,2%	+9,2%	

3 сыныптардың білім сапасы да жақсы деңгейде.деуге болады. Барлық сыныптарда да жыл соңында білім сапасы өзгеріссіз тұрақтыжәне өсу 4-17 % аралығында.Жалпы білім сапасы 3 тоқсан қорытындысымен салыстырмалы қаралды ,себебі 4тоқсанды қашықтықтан оқығандықтан ата-аналармен біріккен түрде болғандықтан білім сапасы жоғары .

Жыл басы 77,5 % -87,2% яғни 9,7 %.дейін артып отыр .

3 сыныптар бойынша үлгерімін қадағалауды қажет ететін оқушылар бар.Жыл бойы жеке білім беруді қажет ететін оқушылармен (Айғалиева -3в,Қайырлиев Б-3д ,Серали Т-3г) жеке жұмыс тиянақты жүргізілді ,нәтижесінде алға жылжу бар ..Жалпы 3 сыныппен жаңартылған бағдарламаны қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау оқу мақсаттарына сай жүргізіліп отыр .

4 сыныптар

Сын	**Бала саны**	**I**	**II**	**III**	**IY**	**Жылдық**	**өзгеріс**	**Сынып жетекшілері**
3	18.11-22.11	924	885	39	39	-
4	25.11-29.11	924	875	49	49	-

Желтоқсан айы

№	Апта күндері	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Қатыспаған оқушылар саны	Себепті	Себепсіз
1	3.12-6.12	925	860	65	65	-
2	9.12-13.12	928	821	107	107	-
3	18.12-20.12	926	830	96	96	-
4	23.12-27.12	927	865	62	62	-

№	Апта күндері	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Қатыспаған оқушылар саны	Себепті	Себепсіз
1	9.01-10.01	934	895	39	39	-

2	13.01-17.01	930	883	47	47	-
3	20.01-24.01	932	880	52	52	-
4	27.01-31.01	934	856	78	77	1

Қаңтар айы

YI. Журналдар жағдайы

Бастауыш сыныптар бойынша «Сыныптан тыс клубтар мен студиялар» үйірмелеріне арналып жалпы 2 үйірме журналы басталды. Журналдың толтырылу ережесі мұғалімдерге түсіндірілді. Журналдар іске қосылып жыл бойы толтырылуы бақыланып тексерілді. Журналдар әр ай сайын, әр түрлі бағытта тексеріліп отырды. Тексеру барысында журнал тексеру мақсатына орай ескертулер берілді және ол ескертулердің 10 күн ішінде орындалуы қайта тексерілді. Жалпы бастауыш сыныптар бойынша журналдардың ұсталу жағдайы жақсы. Жылдық қорытынды бойынша журналдардың ұсталуы таза, сағат сандары жеткілікті орындалған.

Жаңа оқу жылына міндеттер:

- Білім сапасын әр түрлі тәсіл арқылы сабақ үрдісінде тиімді жолдар арқылы арттыру.
- Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыстанудың әдістерін дамыту, қолдау. Ата-аналармен байланысты күшейту.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс түрлерін үнемі жүргізу, ата-аналармен байланысты күшейту.
- Мұғалімдердің шығармашылық бағытта жұмыстануына әдістемелік бағыт беру,жас мамандарға қолдау, тәлімгер жұмысын жандандыру.
- Мұғалімдердің шығармашылық іс тәжирбелерін республика, облыс, қала көлемінде тарату бағытында әдістемелік көмек беру.
- Оқушылардың функциональдық сауаттылықтарын арттыру бағытында жұмыстану,база жинақтау; 0,1 сыныптан бастап дағды қалыптастыру.
- Жаңартылған бағдарламамен нәтижелі оқыту, бақылауда ұстау әдістемелік көмек көрсету, үнемі қолдау.

2. Д.Қонаев атындағы №44 МГ тәрбие жұмысының талдау сараптамасы

2019-2020 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алына отырып жасалды

Тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы: «Оқушының көшбасшылық қасиеттерін дамыта отырып, бәсекелестік оқу- тәрбие ортасын қалыптастыру»

Жүзеге асырушылар: Педагогикалық ұжым мүшелері, ата-аналар кеңесі, көшбасшылар кеңесі

2019-2020 оқу жылы Тәрбие Тұжырымдамасы бойынша мектептің жұмыс жоспары 2019 жылдың 28 тамызында педагогикалық ұжым жиналысында бекітілді. Әдістемелік тақырып 5 жылға алынған.

Тәрбиенің мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды өткізе отырып, рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгішке тәрбиелеу;
- психологиялық-педагогикалық құзіреттілікті және ата-аналарды дені сау отбасын құруға даярлау;
- әлеуметтік маңызы бар балаларға, отбасыларға қолдау көрсету;
- сынып жетекшілердің жұмысын жетілдіруде шеберлік сыныптар үнемі өткізу және іс-тәжірибелерін таратып тұру;
- оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының түрлерін көбейту

2019-2020 оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспары алдыңғы оқу жылының жұмысын саралай отырып, ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасын басшылыққа алып жоспарланды. Атқарылған жұмыстарға тоқталсақ:

I. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоциональдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатігездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Осы бағыты бойынша 1 қыркүйек-Білім күніне «Салем саған сүйікті алтын ұя мектебім!» салтанатты жиын өткізіліп, барлық сыныптарда бірыңғай «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ білім беру сабағы оздырылды. Жыл бойы әр бір сыныптарда үнемі Мемлекеттік рәміздер туралы қайталанып, жұма сайын саптық жиында әнұран айтылып тұрды. Кітапханада айтулы күндері мемлекеттік рәміздерге байланысты«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» тақырыбында көрмелер ұйымдастырылды. Жылдың басында

26.11-01.12.19 күндері аралығында 1-11 сыныптарға "Елімнің тұңғыш президенті", "Елін сүйген Елбасы", Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт көшбасшысы" тақырыптарында сынып сағаттары оздырылды.

17 ақпан күні "Жастығын жалын шарпыған" тақырыбында Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші оздырылды. 8-9 сынып оқушылары қатыстырылды. Кешке ауған соғыс ардагерлер қоғамының мүшелері келді.Өте тартымды кеш өткізілді.

Наурызда «Жайдарлы жасұлан жайдарман » тақырыбында 7-8 сынынтарға КТК ойыны өткізілді.

Жылдың басында және әр тоқсан сайын мектеп инспекторының қатысуымен

«Ер азамат атына лайық бол!», «Жат ағымдардан аулақ болайық!» тақырыбында ер балдармен жиындар өткізілді.

«Ережені сақтайық, аман есен жүрейік» сиқырлы бағдаршам онкүндігі мамыр айына жоспарланып, 1-4 сыныптарға және 5-7 сыныптарға танымдық сағаттар және сайыстар, сурет көрмелері өткізілді. Онкүндік соңында мақтау қағаздарымен марапатталды.

Жылма-жыл өткізілетін «Патриоттық» айлығы онлайн оздырылып, 5-11 сыныптар арасында бейнебаян сайысы және 10 сыныптар арасында «Кім жылдам?» онлайн автомат жинау сайыстары өткізілді. 7 мамыр күні Ұлы Отан соғыс ардагері Абдрахманов Минжан Габдуловичке барып оқушылар сұхбат жүргізіп қайтты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша 9-11 сынып оқушыларынан «Адал ұрпақ» ұйымы құрылып, жыл бойы жоспар бойынша жұмыстанып шықты. Қарашада «Адал ұрпақ-сатылмайтын еңбек" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып, соңында оқушылар өздерінің жұмыстарын қорғады.

«Бала құқығы – адам құқығы» онкүндік шеңберінде «Қылмыстық құқық. Қылмыс. Жауапкершілік», «Әкімшілік құқық. Құқық бұзушылықтар.Жазалар» тақырыбында қарашада оқушылармен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге жоғары сынып оқушыларымен «Адал ұрпақ» ұйымының оқушылары қатысты. Сонымен қатар

«Адалдық дүкен» ұйымдастырылды.

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

Жылма-жыл ұйымдастырылатын «Балаларға қуаныш сыйла» тақырыбында «Мектепке жол» қамқорлық акциясымен басталды. Акцияға ата-аналар, мұғалімдер белсенділік танытып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетілді.

Бірінші қазан қарттар күніне орай «"Жақсы істер мектебі» тақырыбында акция өткізілді. Мектебіміздегі аталар, әжелер ұйымы шақырылып концерт ұйымдастырылды. Концерт соңында келген қонақтарға сыйлықтар табыс етілді.

Мұғалімдер күніне орай ««Ұстазым-ұлағатым, үлгі өнегем!»» тақырыбында бір күндік мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Отаншылдар ұйымының ұйымдастырылумен «Ұстаздар» челлендж өткізілді. Сонымен қатар өзін-өзі басқару күні өткізіліп 11 сынып оқушылары мұғалімдердің орнына сабақ берді. Соңы мерекелік концертке ұласты.

3 желтоқсан мүгедектер күніне орай оқушылар «Қайырымдылық – жылы жүректен» мүгедектер үйіне барып концерт қойып қайтты. Мектебіміздің жас мұғалімдері шағын стол дайындап, әңгімелесіп қайтты.

Адамгершілік-жыныстық тәрбиеге байланысты мектепте ұлдар, қыздар ұйымы жұмыс жасайды. Жетекшілері Жексенова Л.А. және Уразов Қ. Қ. Жыл басынан жоспарлары құрылып жұмыстанды. Үнемі қыз балаларға арналған әр түрлі тақырыптарда әңгіме сағаттары өткізілді. Мектеп психологі «Менің ішкі әлемім» «Достық және махаббат», «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренингтер өткізді.

Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу бойынша жылдың басында рейд жүргізілді. Әлеуметтік педагог және психолог отбасында діни көзқарасы бар намаз оқитын және хиджаб киетін оқушыларды және ата-аналарды анықтады. Ата-аналармен діни сауаттылығы туралы түсінік жұмысын жүргізу үшін «Баланды сақта жат діннен» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, теолог маманы Убаев Н.И. шақырылды.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 18 қыркүйекте Мурзашева А.С.,Саматаева Г.А.,Мулдагалиева Г.С. басшылығымен Тілдер мерекесіне орай «Тіл – қастерліде қасиетті ұғым» тақырыбында үлкен шара ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушыларының арасында «Ана тілім-болашағым, ертеңім» тақырыбында шығармалар сайысы оздырылды. Жақсы жазған оқушылар мектепішілік саптық жиында марапатталды.
1-4 сыныптарға «Тіл – достық көпірі» 5-7 сыныптарға «Тіл мемлекет тәуелсіздігінің символы», 8-11 сыныптарға «Мемлекет пен тілдің қоғамдағы рөлі» тақырыптарында тәрбие сағаттары оздырылды. 1 наурыз «Алғыс айту», «Бұрымды қыз» шаралары өткізілді. «Көрісу» айт күнінде бастауыш сынып оқушылары жоғары сынып оқушыларына келіп көрісіп, сыныптарда шағын концерттер қойды. Өткізілген шаралар туралы фотолармен бірге есептерін тапсырды.

Үзіліс кезінде 5-7 сыныптар арасында ««Абай әндері» караокедан жарыс ұйымдастырылды. Үздік орындаған сыныптар марапатталды. Қарттар күніне арналған "Жеті қайырымды іс" жобасы бойынша 7-сыныптар ата-аналарының демеушілігімен қарттар үйіне барып, концерт қойып үлкендердің ақ батасын алып келді.

Мектепте «100 ән» акциясы ұйымдастырылып, «Қазақтың 100 әніне» кірген әндерден әр сынып бір өлең таңдап, сол өлеңнің шығу тарихын іздеп және сол әнді сынып толық жатқа айту талап қойылды. Акцияға 2-10 сыныптар толығымен қатысты. 2-4 сыныптар , 5-7 сыныптар және 8-10 сыныптар бойынша үздік орындаған сыныптар дипломмен марапатталды.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша оқу жылының басында және қаңтар айында сынып жетекшілер, мектеп психологі, әлеуметтік педагог өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне барып рейд жасады. Әлеуметтік педагог рейд қортындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорттын жасады. Сонымен қатар жылдың басында сыныптың және мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Жыл бойы психолог Мусина А. қатысуымен сынып жетекшілермен бірлесіп Отбасындағы эмоционалдық атмосфераны, ата-аналардың псхологиялық-педагогикалық мәдениеті деңгейін, отбасы тәрбиесі ерекшелігін, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау мақсатындағы сауалнама мен диагностика жүргізді. Сауалнама қортындылары ата-аналар жиналыстарында айтылып отырды. Мектепте ұйымдастырылып отырған барлық шараларға ата-аналар қатыстырылып, тығыз байланыста болды. Қыркүйек айында Отбасы күніне орай ата-аналармен біріккен спорттық шаралар ұйымдастырылды. 5-сыныптар арасында отбасылық ойын «Толағай», 8-9 сынып оқушылары әкелерімен біріккен минифутболдан жарыс өткізілді. Жыл бойы әкелер, аналар клубы жұмыс жасап, аналар қыздар клубымен біріккен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырды. Қыздар өте қызығушылықпен қатысты. 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай 5-сыныптар арасында әжелері немерелерімен біріккен сайыс өткізілді. Сайысқа 6 әже немересімен қатысты.

Жылына жоспарға сәйкес сыныптарда 5 ата-аналар жиналысы өткізіді. Ата-аналар комитеті өз жұмыстарын уақытылы жүргізіп отырды.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында мектептің барлық сыныптарында «Біздің таза көше» операциясы өткізілді. Оқушылар өз мүмкіндіктеріне қарай мектептің ауласын жинастырып, сенбілік жасады. Сонымен қатар ата-аналар мен біріккен «Мектебімізді гүлдендіруге үлес қосайық» тақырыбында акция өткізілді. Акция тамыз –қыркүйек айлары болды. Акция барысында 120 гүл жинақталды.

Жазғы еңбек практикасын қорытындылап, үздік деп танылған 7а сыныбы марапатталды. Қазан айында «Жерді аялайық» тақырыбында 5-7 сыныптарда тәрбие сағаттары оздырылды. Сонымен қатар жылдағы дәстүрге сай 12-17 қазан аралығында «Жайдары күз, жомарт күз» Алтын күз апталығын Жаратылыстану ӘБ, сынып жетекшілер, «Отаншылдар» ордасы ұйымдастырды. Жаратылыстану пәні мұғалімі Ризуанова К.Е. басшылығымен қараша, наурыз айларында Мектеп алдын абаттандыру, мектеп жылыжайын әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие бойынша қыркүйек айында 9-10 сыныптарға мамандық таңдауға байланысты әңгіме сағаттарын өткізді. 11 сыныптарға психолог Қадыржанова А. «Таңдау жасадың ба?» деген сауалнама және «Жетістікке жету өз қолыңда!» тақырыбында тренинг өткізді.

Желтоқсан айында 9-сынып оқушыларына танымдық процестерін арттыру және қолдау көрсету бойынша жүргізілетін түзету және кеңес жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы қалалық колледждер мен БҚМУ, БҚАТУ, АтиСО, т.б. жоғарғы оқу орындарына барып, танысып

қайтты. Ақпан айында 9-сынып жетекшілері «Менің таңдаған мамандығыма ата-анамның көзқарасы» мамандармен кездесу кешін ұйымдастырды. Кешке ата-аналар ішінен маман иелері шақырылды.

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.
1-11 сынып аралығында Қазан айында «Армысың Ару күз!» атты маусымдық мерекесі аталып өтті.

Мектебіміздегі еріктілер тобы мен Отаншылдар ұйымының қатысуымен «Адамдарға өмір сыйла» түрлі жағдайлардың алдын – алудағы ақпараттық акциялары ұйымдастырылды.

Толеранттылық пен жаһандық ойлауды қалыптастыру мақсатында« Жарасымды қарым-қатынас -жаңғырудың жолы» тақырыбы аясында әр тоқсанның басында «Адалдық дүкені», «Адалдық сағаттары» жоспарлы түрде өткізілді.

Абай Құнанбаевтың 175жылдығына орай Абай шығармашылығынан челендж ұйымдастырылып, әр саптық жиын сайын сыныптар бір-біріне Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу арқылы жолдама жасап, жалғасын тауып отырды.

Бейнелеу өнері пәні мұғалімі Туребаев А., Қанатов Н., Мурзашева М. тоқсан сайын Жас суретшілердің галереясын шығарып тұрды. Сурет галериясына мектебіміздің жас суретшілері қызығушылықпен қатысып тұрды. Жақсы деп танылған жұмыс иелерін саптық жиындарда марапатталды.

Қашықтан оқу кезінде 1-мамыр Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне орай « Біз біргеміз, берік іргеміз!» акциясы негізінде бейне-роликтер байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаз сыныптар мақтау қағаздарымен марапатталды.

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша қаңтар айында 5-6 сыныптар арасында «Білім – биіктегі алтын тұғыр» бәсекеге қабілетті дарындылар додасы ұйымдастырылды. Ақпан айында 7-8 сынып аралығында «Білім биржасы» тақырыбында зияткерлік ойын оздырылды. Жыл ағымында С.Торайғыров «Бір ел – бір кітап» акциясы негізінде Тед х, Ред х форматында шаралар ұйымдастырылып, 5-9 сынып оқушылары белсенділік танытып қатысты.

Ақпан айының 5-10 аралығында 5-11 сыныптарға «Саналы ұрпақ- жарқын болашақ» интелектуалдық ойындар өткізілді.
Қаңтар айының жиырма екінші жұлдызында 5-11 сынып оқушыларына «Жас талап - KZ» Лингвистикалық марафоны оздырылды.

Жылдық жоспарға сай 8-сыныптарға «Білім шыңы» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша қыркүйек айында Денсаулық күніне «Дені сау өмір, жүз жастық ғұмыр » тақырыбында 1-11 сыныптарға станциялық ойын, жарыс өткізілді.

Сонымен қатар, қыркүйек айында 1-4 сыныптарға «Денсаулық кілті», 5-7-сыныптарға «Дені сау ұрпақ – ел болашағы», 8-11-сыныптарға «Біз зиянды әдеттерден аулақпыз, біздің таңдауымыз салауатты өмір салты» тақырыптарында тәрбие сағаттары жылдық жоспарға сай өткізілді.

Қазан айында 6-8 сыныптар арасында «Алтын күз» жеңіл атлетикадан жарыс өткізілсе, 3-4 сынып оқушылары «Тоғызқұмалақ» ойынында бақ сынады.

Желтоқсан айында 1 желтоқсан – Дүниежүзілік АҚТҚ және ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне апталығы ұйымдастырылып, жоспарланған шаралар өз мақсатына жетті.

Қаңтар айында 9-11 сыныптары арасында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» акциясы ұйымдастырылса, ақпан айында 6-8 сыныптары арасында «Мен денсаулықты сақтаймын»шаңғыдан жарыс болды.

5 сыныптар арасында отбасылық ойын «Толағай», 6 сынып оқушылары әкелерімен біріккен минифутболдан жарыс өткізілді. Қазаннан бастап Футбол жарысы (Спартакиада бағдарламасынын)мектепішілік кезеңі өткізіліп үздік ойнаған ойыншылардан команда жасақтап қалалық кезеңге қатысты. 8-9 сынып оқушыларынан құралған команда қалалықтан I орын алып, облыстан да I орын иеленді. Жаттықтырушысы Қуанғалиев Т. Сонымен қатар баскетбол, пионерболдан да қалалық кезеңдерден жақсы көрсеткішке ие болып жүр. Оқушылар үлкен қызығушылықпен қатысады. Барлық үйірме бойынша қала, облыс, республика бойынша жақсы жетістіктерге жетіп жүр.

Мектепте үзіліс уақытында шашкадан, тоғызқұмалақтан, қол күресінен сайыстар өткізіліп тұрды.

Балалар мен жасөспірім дердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру бағыты бойынша қыркүйекте психолог қатерлі топ балаларын анықтады. «Жетістікке жету өз қолыңда» өздеріне деген сенімділігін арттыру бағытында тренингтер өткізді.

Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу

Осы бағыт бойынша жылдың басында мектеп психологі мен әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, кураторлар бірігіп жұмыс жоспарға сай жұмыстарын бастады. Қыркүйек айында оқушылардың әлеуметтендіру деңгейін анықтау барысында диагностикалар жүргізді. Жаңадан келген оқушылар туралы толық мағлұмат алынды.

Қазан айында 1,5,10 сыныптарға бейімделуге байланысты диагностикалар жүргізіліп, оқушылардың жаңа сынып оқушыларымен қарым-қатынастарын анықтады.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда жыл бойы түрлі шаралар өткізіп әлеуметтік желілерге тәуелділіктің алдын-алу бағытында сынып сағаттарын ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерде көп отыратын оқушыларды анықтап, ата-аналарымен жеке сөйлесілді және кеңестер берілді.

Сынып жетекшілер және кураторлар бірлестігінің 2019-2020 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.

2019-2020 оқу жылының басында 1 қазан 2019жыл № әдістемелік бірлестік жетекшілерін тағайындау туралы бұйрығында сынып жетекшілер және кураторлар бірлестігінің жетекшісі болып Талапова Асемгуль Кайратовна тағайындалды. 2 қыркүйек 2019 жыл № сынып жетекшілерін белгілеу және қосымша ақы төлеу туралы бұйрығында сынып жетекшілер мен кураторлар сыныптарға тағайындалды.

Жыл басында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып бірлестіктің жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Сынып жетекшілер мен кураторлар саны-49, соның ішінде сынып жетекшілер-35 жоғары санатты-7, бірінші санатты-9, екінші-12, санатсыз-7. кураторлар саны-14.

Жоспарға сай жыл басында «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру», «Сынып жетекшілер мен кураторлардың қиын балалармен жүргізілетін жұмыстардың жүйесі», «Ата-аналар жиналысын өткізудің әдіс-тәсілдері», «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру» тақырыптарында әдістемелік семинар жоспарланды. Семинарлар жоспарға сай өткізілді. «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында өткен отырыста кураторлар мен сынып жетекшілердің қызметімен таныстырылып, әдістемелік нұсқаулар берілді. Жанадан қабылданған жас кураторларға тәлімгерлер тағайындалды. Тағайындалған тәлімгерлер жас кураторларға тәрбие жұмысының жоспарын құруға, ата-аналар жиналысын өткізуге көмектесіп, әдістеме жағынан кеңес беріп отырды. «Сынып жетекшілер мен кураторлардың қиын балалармен жүргізілетін жұмыстардың жүйесі» тақырыбында өткен бірлестік отырысында жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу жұмыстары, оқушылардың өмір қауіпсіздік шаралары, суицидтің алдын алу жұмыстарының жүргізілуі ұйымдастырылды, «Ата-аналар жиналысын өткізудің әдіс-тәсілдері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, бала жақсы оқу үшін қалай көмектесу керек (психологиялық кеңес), тәрбие сағаттарының түрі мен әдіс-тәсілдері жағынан көмек берілді. Ш.Т.Назарова «Ата-аналар жиналыстарын өткізудің жана түрлері мен әдістері» атты баяндама оқыды. Ш.Т.Назарова шеберлік класын ұйымдастырып, тәжірибелі сынып жетекшілер өз жұмыстарымен таныстырды. «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында өткен отырыста «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбында топтық жұмыс жүргізіп, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында кураторлар мен сынып жетекшілердің пікірлері тыңдалды. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары және оқушылар арасындағы ЖҚТБ-ның, нашақорлықтың, темекі шегудің, маскүнемдіктің алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Екінші бөлімінде мектеп инспекторы А.Р.Рашидов мектепішілік есепке алынған балалармен жүргізілген жұмыстар жөнінде айтып, кеңестер берді.

Мектеп психологінің ұйымдастыруымен «Сыныптағы психологиялық жайлылық» тақырыбында семинар өтті. Кураторлар мен сынып жетекшілерге сыныптағы әр түрлі мәселелерді шешу жолдары мен алдын алу жұмыстарын жүргізуге кеңес берілді. Наурыз айында мектебіміздегі «Қыз Жібек» клубының жетекшісі Л.А.Жексенова 8-11 сыныбының қыздарымен «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге №2 қалалық емхананың гинекологі мен психологі шақырылды. Қоғамда болып жатқан қыз балаларға қатысты өзекті мәселелер туралы сөз қозғалып, кеңестер айтылды. Сонымен бірге биылғы оқу жылында НЗМ-нің байланыс ұйымдастырылып, іс-тәжірибелерімен алмасу бағытындағы семинарларға мектебіміздің кураторлары қатысты.

Бастауыш сыныптар және жоғары сыныптар бойынша екі жарты жылдыққа бөліп ашық тәрбие сағаттар, сыныптан тыс шаралардың кестесі жасақталды. Кесте бойынша барлық сынып жетекшілер және кураторлар шаралар өткізді және талқыланды.

Жас мамандар мектебі құрылып жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды және жыл бойы әдістемелік көмек ұйымдастырып отырылды.

19-24 ақпан аралығында «Үздік сабақтар» жас мамандар апталығы өткізілді. Апталық соңында барлық өткізілген шаралар талқыланып, «Өмірің өз қолыңда» тақырыбында өткізген шарасы үздік танылып марапатталды.

Мектепішілік бақылау жыл басынан құрылып, уақытында тексеріс қорытындылары сарапталып анықтамалары алынды.

Жыл соңында кураторлар мен сынып жетекшілердің тәрбие бағытында жыл бойы ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды есептері алынды.

№	Тәрбие бағыттары	Тәрбие сағаттары	Семинарлар	Кездесулер	Акциялар	Байқаулар Сыныптан тыс шаралар	Барлығы
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	5	2	3	3	3	16
2	Рухани-адамгершілік және жыныстық тәрбие	5	2	2	5	3	17
3	Ұлттық тәрбие	4	0	3	1	4	13
4	Отбасы тәрбиесі	3	1	3	1	5	13
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	5	0	0	2	7	14
6	Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	2	0	2	2	5	11

7	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	1	0	0	1	5	7
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	6	0	1	2	10	19

Қорыта келгенде биылғы оқу жылындағы мектебіміздегі тәрбие жұмысының күшті жақтары:

- оқушылардың бойындағы патриоттық сезімдерін одан әрі молайтуға күш жұмсап, көптеген тәрбиелік шараларды «Отаншылдар ұйымы» арқылы өздері өткізуге бағыттадық;
- Назарбаев зияткерлік мектебіне барып, тәрбие жұмысы бойынша алынған әлеуметтік жобалармен айналысу дұрыс жолға қойылды.
- Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда қоңырау кезінде түрлі акциялар өткізу жақсы жолға қойылды.
- Мектепте қамқоршылық кеңес жұмысы жандандырылды.

Биылғы оқу жылындағы мектебіміздегі тәрбие жұмысының әлсіз жақтары:

- тәрбие шараларын онлайн режимде өткізуде түрлі платформаларды қолдануда сынып жетекшілер мен кураторлардың IT құзіреттілігінің төмендігі;
- тәрбиелік шараларды облыстық, республикалық ғылыми-әдістемелік баспасөз беттеріне іс-тәжірибелерін тарату.

2019-2020 оқу жылына кемшіліктерді түзету мақсатында қабылданған ұсыныстар:

1. Іс-тәжірибе тарату жұмыстарын жандандыру, республикалық ғылыми-әдістемелік баспасөз беттеріне тарату.

2. Қала, облыс көлемінде өтілетін байқауларға жүйелі қатысу.

3. Сынып жетекшілер мен кураторлардың АКТ - ны қолдану, түрлі платформалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

3. Д.Қонаев атындағы №44 МГ психологиялық қызмет жұмысының талдау сараптамасы

№	Мектеп атауы	Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы
1	Аты-жөні, тегі (толық)	Тоқсанова Гүлмира Мырзатайқызы
2	Білімі (бітірген оқу орны,жылы)	Жоғары Орал қаласы, Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университеті 1995-1999ж.
3	Диплом бойынша мамандығы	Педагог психолог
4	Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	19жыл
5	Маман ретінде еңбек өтілі	19жыл
6	Санаты (алған жылы)	педагог-модератор, жылы 13.12.2019
7	2019-2020 оқу жылы аттестациядан өту туралы мәлімет	педагог-модератор, жылы 13.12. 2019
8	Оқушы саны (жалпы, бір маманға)	759
9	Әдістемелік тақырыбы	Оқушылардың танымдық процестерін арттыру.
10	Білім жетілдіру (соңғы өткен уақыты,деңгейі,тақырыбы, куәліктің №)	**«Деструктивті діни ұйымдарының құрбандарымен жұмыс.** **Жасөспірімдердің девиантты мінез- құлқының алдын- алу.**
11	Іс-тәжірибе тарату 2019-2020 оқу жылы (республикалық,облыстық,қалалық)	-

12	БАҚ беттеріне материалдардың шығуы (газет,журнал атауы, №, деңгейі)	-
13	Семинар мен ашық сабақ (тақырыбы,деңгейі,уақыты)	-
14	Оқушылармен өткізген шығармашылық жұмыстар (сайыс,ғылыми жоба т.б)	Гильманова Гулхан (2 «а» -сынып) Республикалық «Ұлан» басылымының ұйымдастыруымен өткен жалпы республикалық шығармашылық байқауға қатысып «Ана-Өмір, Ана-бақ» атты номинация бойынша байқауда үздік III орын.Алматы қаласы, 2018 ж
15	Психологиялық кеңес беру жұмысы (жалпы саны)	53
А	Оқушылармен (саны)	33
Б	Ата-анамен (саны)	11
В	Мұғалімдермен (саны)	9
16	Сабаққа ену жұмысы (саны, контингент)	48
17	2019-2020 оқу жылындағы проблемалар	Диагностикалық, тренингтердің жүргізілетін арнайы уақыттың болмауы
18	Жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер,ұсыныс	2019-2020 оқу жылында сауалнама, тест, тренинг түрлерін көптеп өткізуді мақсат етіп отырмын. Оқушылардың талап-тілегі бойынша тренинг түрлерін түрлендіріп өткізу жоспарланды.
19	ИИН номерлері	780917403047
20	Электрондық поштасы	g-toksanova@mail.ru

№	Мектеп атауы	№44 мектеп-гимназиясы
1	Аты-жөні, тегі (толық)	Мусина Альфия Арамановна
2	Білімі (бітірген оқу орны,жылы)	Жоғары Орал қаласының, Батыс Қазақстан Инженерлік Гуманитарлық Университеті 2010-2013ж.
3	Диплом бойынша мамандығы	Педагог - психолог
4	Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	11жыл
5	Маман ретінде еңбек өтілі	6жыл
6	Санаты (алған жылы)	-
7	2019-2020 оқу жылы аттестациядан өту туралы мәлімет	-
8	Оқушы саны (жалпы, бір маманға)	824
9	Әдістемелік тақырыбы	**«Жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жан-жақты психологиялық қолдау көрсету»**
10	Білім жетілдіру (соңғы өткен уақыты,деңгейі,тақырыбы, куәліктің №)	**«Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау, жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу»**

11	Іс-тәжірибе тарату 2019-2020 оқу жылы (республикалық,облыстық,қалалық)	**1**.«Баланы бақылау және әңгімелесу әдістемесі арқылы психологиясын дамыту» **Баяндама Республикалық білім порталына материял жариялау туралы Сертификат №008009/10.05.2020** **2.Республикалық білім порталына материял жариялау туралы Құрмет грамотасы №006710/10.05.2020** **3. «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми әдістемелік орталығы Баяндама** «Эмоциямызды басқара білейік» (Ұстаздарға арналған) материял жариялағанын растайды. **Сертификат №MS-206565 уақыты:18.05.2020**
12	БАҚ беттеріне материалдардың шығуы (газет,журнал атауы, №, деңгейі)	Ұстаз газеті №1.2020ж
13	Семинар мен ашық сабақ (тақырыбы,деңгейі,уақыты)	«Сенімділік күш береді» тренинг семинар (Қалалық 12.12.2019ж)
14	Оқушылармен өткізген шығармашылық жұмыстар (сайыс,ғылыми жоба т.б)	-
15	Психологиялық кеңес беру жұмысы (жалпы саны)	91
А	Оқушылармен (саны)	58
Б	Ата-анамен (саны)	20
В	Мұғалімдермен (саны)	13
16	Сабаққа ену жұмысы (саны, контингент)	12
17	2019-2020 оқу жылындағы проблемалар	Диагностикалық, тренингтердің жүргізілетін арнайы уақыттың болмауы

18	Жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер,ұсыныс	2019-2020 оқу жылында сауалнама, тест, тренинг түрлерін көптеп өткізуді мақсат етіп отырмын. Оқушылардың талап-тілегі бойынша тренинг түрлерін түрлендіріп өткізуді жоспарлап, жолға қоюдамын .
19	ИИН номерлері	880616451349
20	Электрондық поштасы	Alfia_armanovna@mail.ru

Психологиялық қызметінің перспективті жоспары

Мақсаты: Мектеп оқушыларының жеке тұлға болып қалыптасуына, психологиялық саулығын, жас ерекшелігіне қарай жан-жақты ақыл-ой дамуын жетілдіру.

№	Жұмыс мазмұны	Ұйымдастыру жолдары
1.	Оқушылармен жүргізілген жұмыстар	1. Тәуекел топтағы бейім оқушыларды анықтап, әлеуметтендіру бағытында түзету-дамыту жұмыстарын көбірек жұмыстану
2.	Мұғалімдермен ата-аналармен жұмыс	1. Жас ерекшелігіне қарай даму жағдайлары туралы шешімге көмек, психологиялық кеңестер ұсыну. 2. 2019-2020 оқу жылында оқушылармен ата-аналардың бір-бірімен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жоспарлау
3.	Психологтың кәсіби біліктілігін шыңдау жұмыстары	1. БАҚ беттеріне материалдардың шығуы. Іс-тәжірибе тарату.

Жұмысқа талдау.

Өткен оқу жылының мақсаты - мектеп, ата-ана, оқушы арасындағы байланысты нығайту, пән мұғалімдерімен бірлескен түрде жұмыстарын күшейту болатын.

Міндеттері - ата-аналар мен оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеп, жан дүниесін дамыту. Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын

қалыптастыру, 2019-2020 оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, кеңес беру 1-11 сынып аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды.

Жоғарыдағы мақсаттарды орындау барысында жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар:

2019-2020 оқу жылында мектебімізде 1749 оқушы, соның ішінде даярлық тобы-166, бастауыш-759, жоғарғы сынып бойынша-824 оқушымен аяқтадық. Оқушыларға психологиялық қолдау,көмек көрсету мақсатында 5 бағыт бойынша психологиялық профилактика, психологиялық диагностика, түзету және дамыту, психологиялық кеңес беру осы бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді.

Жыл бойы жеке оқушылармен жұмыстану басты мақсатым болды. Оқушыны ортаға тарту,үлгерімін қадағалау, оқушының бос уақытын қызығушылықпен өткізуді, тәртіп бұзушылықты болдырмау жолдарын алдын-алу, оқушының мінез-құлқын, қызығушылықтарын анықтау жүзеге асты. Жеке оқушылардың ата-аналарымен байланыс үзбеу, оқушының бос уақытын қадағалау, сынып жиналыстарына, сабағына қатысу, оқушымен жеке сөйлесу жұмыстары жүргізілді.

Барлық сыныптарға жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі түзету,дамыту шаралары жүргізілді. Оқушылардың жалпы дүниетанымы, қызығушылығы, сыныптастармен қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалау деңгейлері, бейімделу деңгейіне, таным процестеріне, депрессивті көңіл күйіне, қобалжу, мазасыздану, мамандыққа бағыттылығын анықтау т.б көптеген психодиагностикалар жүргізілді. Үйден оқитын 3-оқушылармен жыл бойы психологиялық қолдау мақсатында, диагностикалар, түзету, ағарту жұмыстары жүргізілді. МІБ-да тұрған 4-оқушымен әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізілді.

Қорытынды аттестаттауға психологиялық тұрғыдан көмек

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын анықтау тест
- Оқушыларға мамандық таңдауға бағыттау
- Оқушыларға психологиялық тұрғыдан көмек беру.
- Оқушыларына сынып жетекшілеріне және ата-аналарға жадынамалар кеңестер беру арқылы жұмыстар жүріп отырды

Ата-аналармен әңгімелесіп, балаларына көбірек көңіл аудару, баланың жетістіктерін айтып қолдап отыруға кеңестер берілді.

Оқушылармен жалпы жұмыстардың қорытынды анықтамалары, хаттамалары әр сыныптың папкаларына жинақталды. Оқу басында алдағы қойған мақсаттары сәтті орындалды. Жыл бойы 5 бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар төмендегідей:

1. **Профилактикалық жұмыстар:**

№	Жұмыстың мазмұны	Айы	Сыныбы	Қатысқан оқушы саны
1	«5-6 жастағы баланың психолгиялық ерекшелігі» баяндама	қыркүйек	1 сынып	150
2	«Ата-ана тарапынан психологиялық көмек ұйымдастыру» баяндама	Желтоқсан	4 сынып	137
3	Жалпы ата-аналар жиналысы Баяндама Тақырыбы:«Бесінші оқушыларының мектепке бейімделуі» «Оныншы сыныптың жасерекшелігі».	Қараша Қыркүйек	5 сынып 10 сынып	118 61
4	Жас мамандардың бейімделуі	Қазан	Жас мамандар	11
5	«Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын-алу» баяндама	Қыркүйек	Сынып жетекшілер, мектеп ватерлері	64
6	«Әдептілік-әдемілік» «Қыз бала –ұлттың ұяты, халықтың шырайы»	Қыркүйек	5-7 сыныптар	228
7	«Зиянды әдеттердің алдын алу»	Қазан	8 -10 сыныптар	248
8	«Менің ішкі әлемім»	Қазан	7 сынып	151
9	«Достық және махаббат»	Қазан	8 сынып	102
10	«Біздің сыныбымыздың жұлдызды сәті» тренинг	Қараша	10 сынып	73
11	«Сенімділік күш береді» тренинг семинар	Желтоқсан	11 сынып	67

12	«Кәмелетке толмағандар арасындағы агрессия, қатыгездік таныту және зорлық-зомбылық жасаудың алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы	Қаңтар	5-11 сынып ата-аналары	337
13	«Агрессия дегеніміз не?»	Қаңтар	8-10	253
14	11-сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық тұрғыдан қолдау.	Мамыр	11 сынып	74

1. Диагностикалық жұмыстар:

№	Өткізілген шаралар тақырыбы	Мерзімі	Сыныбы	Қатысқан оқушы саны
1	Керн-Ирасенка тесті	қыркүйек	1-сынып	153
2	Таным процестер	Қыркүйек Қазан	1-4 сынып	599
3	Н.Г.Лусканва«Мектеп мотивациясын диагностикалау»	Қараша	1 сынып	153
4	Темперамент типі	Қазан	2-4 сынып	446
5	Гинзбурга. М.Р «Оқу мотивациясын зерттеу»	Қараша	5 сынып	158
6	Сирс бойынша қобалжу	Қазан	1-сынып	153
7	«Филипс бойынша Қобалжу»22 сұрақ	Қазан	3-4сынып 5-7 сынып	272 476

	Әдістеме«ЖТБ»Е.А.Климова мамандыққа бағыттылығын анықтау.	Қараша	8 сынып	102
8	«Кондаш бойынша Қобалжу»	Қараша	8-11 сынып	339
	«Социамертия» Дж.Морено	Қазан	5 сынып	161
9	«Жыныстық тәрбиені анықтау»	Қазан	2-4 сынып	400
10	Өзін-өзі бағалау «Баспалдақ» әдістемесі	Желтоқсан	2-4 сынып	446
11	«Агрессия белгілері»	Желтоқсан	3-5 сынып	429
12	О.С. Богданова «Мен қандаймын»	Желтоқсан	5-6 сынып	326
13	Әдістеме «Өзіңді өзің бағалауың қалай»ю.И.Кеселева	Желтоқсан	7-8 сынып	238
14	Әдістеме «Агрессивтілік»Басса-Дарки	Желтоқсан	6-7 сынып	314
	«Ойлау типі»Г.В.Резапкин	Желтоқсан	9 сынып	98
15	«Қызығушылық картасы » А.Е. Голомшток	Қаңтар	10-11 сынып	139
17	Социометрия	ақпан	3-4 сынып	272
19	Темперамент және мамандық	Қаңтар	9 сынып	95
20	Таным процестері	Ақпан	4 сынып	103
21	Сауалнама «Мен бесінші сыныпта не күтемін»	Наурыз	4 сынып	96


Мектепішілік бақылауға байланысты – мектепалды даярлық сыныптарына және 1 сынып оқушыларына мектеп өміріне бейімделуге байланысты таным процестерге, мектепке дайындығын анықтауға байланысты «Керна-Йирасек әдістемесіне» арналған әдістемелер жүргізілді. Мақсаты: оқушыларының мектеп өміріне бейімделуін топтастыру, сауаттану бағыты, танымдық қабілетінің дамуы.

Жүргізілген жұмыстар мына бағытта болды: дыбыс айту, фонетикалық, фонематикалық түсінігі, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеуі, пішінді айыруы, санау, (тура-кері), түсті айыруы, есте сақтау, зейін, қабылдау, ойлау, қиял деңгейлеріне зерттеу жұмыстары жеке-жеке жүргізілді.


2019-2020 оқу жылы.

Мектепалды даярлық тобы балаларының бағдарламаны меңгеру деңгейі

(5-6 жасар) топтарға жан-жақты мониторинг бойынша зерттеу.



1 сынып оқушыларының жан-жақты педагогикалық-психологиялық тұрғыдан даму деңгейінің мониторингі



3.Түзету дамыту жұмыстары:

№	Өткізілген шаралар тақырыбы	Мерзімі	Сыныбы	Қатысқан оқушы саны
1	ҰБТ-ға дайындалуға қолдау	Қазан	11 сынып	68
2	«Сенім-менің серігім» тренинг сабақ	Қазан	4-сыныптар	137
3	«Арт-терапия-өнермен емдеу, шығармашылық терапиясы»	Ақпан	3-4 сынып	272
4	«Жетістікке жету өз қолыңда» тренинг	Желтоқсан	9-11 сынып	238
5	«Достық қымбат өмірде»	Қазан	4-5 сынып	156
6	«Мен ерекше қайталанбайтын тұлға»	Ақпан	6 сынып	159
7	«Сенімділік күш береді» тренинг	Қаңтар	9 сынып	97

8	«Өмір қымбатсың маған»	Желтоқсан	8-9 сынып	187
9	«Стресспен қалай күресуге болады?» тренинг	Желтоқсан	9-11 сыныптар	241
10	Сенімділік күш береді	Қаңтар, мамыр	4-сынып	136
11	Менің көңіл-күйім	Қаңтар	9 сынып	96

Психологиялық кеңес беру

Жалпы 2019-2020 оқу жылында психологиялық кеңес алынған саны: 144

-оқушылар саны -91

- ата-ана саны – 31

-мұғалімдер саны – 22

- Жас мамандарға арналған топтық және жеке кеңестер

-Ата-аналарға арналған жеке кеңестер:
психологиялық түрлі жағдайларды шешу мақсатында
в) тәрбиесі қиын оқушылардың ата- аналарына берілетін кеңестер

- Сынып жетекшілерге берілетін кеңестер, жадынамалар.

Мониторинг (салыстырмалы 2 жыл 2018-2019, 2019-2020 оқу жылы)

Оқу жылы	**Оқушы саны**	**Жоғары деңгей**	**Орташа деңгей**	**Төмен деңгей**
2018-2019	642	602	39	1
2019-2020	765	607	158	0









Қорытынды: 2,3,4 сынып оқушыларына Н.Г.Лусканова «Мектеп мотивациясын зерттеу әдістемесі» 5 сыныпқа М.Р.Гинзбура «Оқу мотивациясын зерттеу » әдістемесі, 6-7 сыныптарға «Агрессивтілік»Басса-Дарки, 8 сыныптарға «ЖТБ»Е.А.Климова мамандыққа бағыттылығын анықтау. 9- сыныптарға «Ойлау типі»Г.В.Резапкин, 10-11 сыныптарға «Қызығушылық картасы » А.Е. Голомшток әдістемелері жүргізілді. Жалпы қатытысқан оқушы саны-765, нормаға сай-607, орташа деңгей-158, төмен деңгей көрсетіп отырған оқушы саны- 0 оқушы

Ұсыныс: Мектеп мотивациясы, оқу мотивациясы төмен деңгей көрсетіп отырған оқушылар жоқ , орташа деңгейді көрсетіп оқушылармен сынып жетекшілерімен бірлесе отырып жұмыстану.

Мектептегі қобалжуды анықтауға арналған « Кондаш» әдістемесі бойынша

(Салыстырмалы 2 жыл 2018-2019, 2019-2020ж.ж)


Сандық қатынас мотивациясы

Оқу жылы	Оқушы саны	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
2018-2019	315	12	30	58

2019-2020	339	10	22	68









Қорытынды: Қараша айында 8-11 сынып оқушыларына қобалжуды анықтауға арналған әдістеме жүргізілді. Әдістемеге 339 оқушы қатысты. Жазбаша және ауызша ұсыныстар оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге берілді. Динамикалық диагностика мазасыздану деңгейін айтарлықтай төмендеуі байқалды.

Ұсыныс: Оқушылардың көңіл-күйін ұстауға, қобалжуды жеңуге үйрету.

2018-2019 оқу жылының психологиялық жұмысының салыстырмалы мониторингі

№	Атауы	2018-2019	2019-2020

1	Жалпы оқушы саны	1241	1749
2	Үйден оқитын оқушы	4	3
3	Психологиялық кеңес	124	144
4	Өткізілген профилактикалық шаралар	5	17
5	ПМПК есебінде тұрған оқушы саны	15	11
7	Жеке жұмыстанған оқушы саны	48	91
8	Мектепішілік есепте тұрған оқушы саны	МІБ-тұрған 1 оқушы	МІБ-тұрған 1 оқушы
9	Топтық түзету-дамыту жұмыстары	14	18
10	Берілген облыстық, қалалық семинарлар	1	1

Сабаққа қатысу. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын анықтау, тәртіптерін бақылау мақсатында, жеке оқушыларды бақылау ,жаңадан келген оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне орай сабақтарына қатыстым. Сабаққа енудің жалпы саны- 60

Қорытынды және ұсыныс: Психологиялық алдын алу, диагностика, түзету-дамытушылық, кеңес беру, ағартушылық, сабаққа қатысу бағыттары бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілді. Жеке келген ата-аналарға, оқушыларға, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жеке кеңес ұсыныстар беріліп отырды. Оқушылардың мектепке, оқуға пәнге деген қығығушылықтары, таным процестері қалыпты деңгейде. Жеке жұмыстанған оқушылар өткен оқу жылына қарағанда көбірек болды.

2019-2020 оқу жылында сауалнама, тест, тренинг түрлерін көптеп өткізуді мақсат етіп отырмын. Дарынды балалармен, қиын оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен көбірек жұмыстану. Бейімделу кезінде сәтсіздіктерді қорытындылап отырып, түзету –дамыту жұмыстарын жүргізу.Оқушылардың талап-тілегі бойынша тренинг түрлерін түрлендіріп өткізу жоспарланды.

Д.Қонаев атындағы №44 МГ әлеуметтік қызмет жұмысының талдау сараптамасы

№	**Мектеп атауы**	Д. Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы
1	Аты-жөні, тегі (толық)	Айтжан Ботагөз Талғатқызы
2	Білімі (бітірген оқу орны, жылы) формасы (күндізгі, сырттай)	Жоғары, М.Өтемісов атындағы БҚМУ 2014-2018 күндізгі
3	Диплом бойынша мамандығы	«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
4	Жалпы педагогикалық еңбек өтілі	2 жыл
5	Маман ретінде еңбек өтілі	2 жыл
6	Санаты (алған жылы)	-
7	2019-2020 оқу жылы аттестациядан өту туралы мәлімет	-
8	Оқушы саны (жалпы, бір маманға)	1594
9	Әдістемелік тақырыбы	«Әлеуметтік педагогтың адамгершілік, кәсіби сапалары»
10	Білім жетілдіру (сонғы өткен уақыты, деңгейі, тақырыбы, куәліктің №)	«Әлеуметтік педагогтің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту» 29.08.2019, №0304091 «Инклюзивті білім беру жаңдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды психологиялы-педагогикалық сүйемелдеу» 07.02.2020 №0330459
11	Іс-тәжірибе тарату 2018-2019 оқу жылы (республкалық, облыстық, қалалық)	-
12	БАҚ беттеріне материалдардың шығуы (газет, журнал атауы, №, деңгейі)	
13	Семинар мен ашық сабақ (тақырыбы, денгейі, уақыты)	-

14	Оқушылармен өткізген шығармашылық жұмыстар (сайыс, ғылыми жоба т.б.)	«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы»- 5-8 сынып «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» 5-11 сынып «Есірткісіз болашақ» 8-10 сынып «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы 5-11 сынып «Қыз балалар гигиенасы» медбикемен кездесу 5-11 сынып «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» 5-11 сынып Мектепішілік «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы Мухтарова Румина-I орын Мектепішілік өзін-өзі тану апталығы аясында «Аналарға мейірімділік, татулық пен достық туралы» эсселер сайысы- Бупина Инабат -I орын Мектепішілік өзін-өзі тану апталығы аясында «Аналарға мейірімділік, татулық пен достық туралы» эсселер сайысы Айберстиева Арухан-III орын Мектепішілік өзін-өзі тану апталығы аясында «Аналарға мейірімділік, татулық пен достық туралы» эсселер сайысы Балешова Алия-II орын

15	**Психологиялық кеңес беру жұмысы (жалпы саны)**	62
А	Оқушылармен (саны)	17
Б	Ата – анамен (саны)	36
В	Мұғалімдермен (саны)	9
16	Сабаққа ену жұмысы (саны, контингент)	28
17	2019-2020 оқу жылындағы проблемалар	Аз қамтылған, көп балалы отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарын қоғамдық шығармашылық жұмыстарға тарту
18	Жаңа оқу жылына мақсат, міндеттер, ұсыныс	Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тілдік курстармен қамтамасыз етсе
19	ИИН нөмерлері	960728450476
20	Электрондық поштасы	Aitzhan.botagoz@gmail.com

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы 2019-2020 оқу жылдарындағы жылдық есебі

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагог қызметінің перспективтік жоспары бойынша:

Мақсатым:

Әр тұлғаның психология-медико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.

Міндетім:

- Мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету;

- Баланың құқықтары мен қызығушылықтарын мектепте баланың қорғанышы ретінде өзім немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғау;

- Бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтау;

- Қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізу;

- Мінез-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау, (қылмыстың, құқық бұзушылықтың, маскүнемдіктің, таксикоманияның, наркоманияның және т.б. алдын алу).

- Салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысу, оқушылардың ақыл-ой және физикалық дамуына байланысты түзету-оңалдыру әрекетін ұйымдастыру;

- Түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсе алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне (кәсіп таңдауда, жұмысқа тұруда, денсаулығын нығайтуда, бос уақыттарын ұйымдастыруда және т.б.) ықпал ету;

- Ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік-педагогикалық кеңес берумен айналысу.

№	Жұмыс мазмұны	Ұйымдастыру жолдары
1	**Оқушылармен жүргізілген жұмыстар**	1.Көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларының, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың дарындылық, шығармашылық қабілеттерін ашу, оны дамытуына жағдай жасау. 2.Оқушыларға дұрыс тамақтану, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүргізу.
2	**Мұғалімдер мен ата-аналармен жұмыс**	Жас ерекшеліктеріне қарай әр буын бойынша ата-аналармен сұхбат, құжаттар жинау бойынша көмек, кеңестер ұсыну.
3	**Кәсіби біліктілігін шыңдау жұмыстары**	Іс-тәжірибе тарату жұмыстары

Әдістемелік тақырыбы:
«Әлеуметтік педагогтың кәсіби, адамгершілік сапалары».
Мақсаты: Оқушылардың қажеттіліктерін, мүддесін ескеріп, отбасындағы, мектептегі қарама-қайшылықтарын жоюға көмек беру.
Міндеті:

1. Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.
2. Оқушыларға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.
3. Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.

Мұғалімдермен өткізілген шығармашылық жұмыстар:

- оқушылар туралы мәлімет алып, әлеуметтік ортасын диагностикалау;
- сыныптармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар;
- пән мұғалімдерімен аз қамтылған және патронаттық тәрбиедегі оқушылардың, білім сапалары, сабақ үлгерімі жөнінде әңгіме, кеңестер;
- директор жанындағы отырыстарда аз қамтылған отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтылуы, жаңа жылдық шыршамен қамтылулары жөнінде анықтамалар оқылды.

Оқушылармен өткізілген жалпы жұмыстар және шығармашылық жұмыстар:

Тамақтануды ұйымдастыру.

2019-2020 оқу жылының қыркүйек айында № 44 мектеп-гимназиясында барлығы 1607 оқушымен бастаған болатынбыз. Соның ішінде 1-4 сынып - 763 оқушы, 5-11 сынып- 844 оқушы. Қыркүйек айынан бастап барлық мектепте білім алып жатырған аз қамтылған, патронаттық тәрбиедегі оқушылардың тізімдері алынып, құжаттары жинақталып, аталған әлеуметтік топқа жататын оқушыларымыз тегін тамақтана бастады. Әр оқушыға тегін тамақтанушы талоны беріліп, күн сайын асханада тамақ ішуі қадағаланды. Ай соңында мектеп есепшісіне тамақ ішу бойынша жүргізілген табель мен талондар тапсырылып отырды.

Оқу жылының соңында барлық оқушы саны-1594, 1-4 сынып- 759, 5-11 сынып 824 оқушыға жетті. Тегін тамақтанатын оқушы саны-53. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы саны-30, аз қамтылған отбасынан-23 оқушы.

Мектеп бойынша аз қамтылған, оқушылардың тамақтану деңгейінің көрсеткіші



Мектептегі өткен акциялар мен шаралар бойынша:

ҚРБжҒМ-нің 05.07.2019ж №4189 хаты негізінде БҚО Білім басқармасының 05.07.2019ж. №447 бұйрығына сәйкес 2019 жылдың 3 шілдесі мен 30 қыркүйегі аралығында « Мектепке жол» акциясын өткізу бойынша мектебімізде іс шаралар жоспары құрылды. Акция «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен өтті.

Мақсаты: әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына көмек көрсету, әлеуметтік жағдайын анықтау арқылы сол балалардың мектепке дайындығын бақылау және материалдық қаржылай көмек көрсету болды. Мектеп әкімшілігі акцияға белсене қатысу туралы хабарландыру беріп, баннер, плакат, стендтер жасақталып, әлеуметтік желілерге хабарландырулар берілді. Акция шеңберінде 56 оқушыға бюджет есебінен 494300 теңгеге мектеп формалары, 170495 теңгеге оқу құралдары берілді. Бюджеттен тыс 66 оқушыға 369700 теңге көлемінде сөмке, кеңсе тауарлары, киім-кешектер бойынша көмек берілді. 25000 теңгеге 11 оқушыға мұғалімдер көмек көрсетті.

Сонымен қатар, мектеп оқушыларына ішіп жүрген тамақ сапасын тексеру мақсатында сауалнама жүргізілді, қорытындысы бойынша асхана жұмысын оқушылардың 62% «өте жақсы», 38%-ы «жақсы» деп бағалап отыр. Сауалнама қорытындысы талқыланып, асханаға оқушылар тарапынан айтылған ұсыныстар жазба түрінде таныстырылды.

№	Өткізілген шара тақырыбы	Сыныбы	Оқушы саны	Өту мерзімі
1	«Мектепке жол» акциясы	1-11	134	03.07.2019-30.09.2019
2	«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы»	5-8	250	қыркүйек
3	«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»	5-11	820	қараша
4	«Есірткісіз болашақ»	8-10	145	желтоқсан
5	«Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы	1-11	978	ақпан
6	«Қыз балалар гигиенасы» медбикемен кездесу	5-11	796	наурыз
7	«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»	5-11	678	сәуір

- педагогтерге жалақы есептеп шығару үшін педагогикалық жүктемелері есебінің табелін жүргізіп, оны бухгалтерияға ұсынады;
- оқу сабақтарына қатысуларды бақылап, тиісті құжаттамаларды жүргізіп отырады;
- оқушылардың есебін жүргізу, ОШ-1 стат.есебі;
- барлық пәндер бойынша 1-4 сыныптарда оқу программасының орындалуы және сабақтың берілу сапасы;
- бастауыш сынып мұғалімдерімен жұмыс, оқушылардың білім сапасы, білік дағдылары;
- бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- мұғалімдерге, жас мамандарға көмек;
- оқыту және дамыту курстары бойынша авторлық бағдарлама мен оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу;
- логопедтік жұмысқа басшылық жасау;

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАР БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ - БАЙДАШЕВА Н.Б. (0,5 БІРЛІК)

- 0-4 сынып журналдарының жүргізілуін қадағалау, тексеру;
- Бастауыш сыныптардағы факультатив сабақтарының жүргізілуі, сапасын бақылау (ағылшын тілі, салауаттану, экономика, дене шынықтыру, ҰДТ, т.б.);
- Үйірмелердің жүргізілуі, кестесін қою, бақылау, шаралар ұйымдастыру;
- Әр аптаның дүйсенбі күні I-II кезеңнің саптық жиынын өткізу;
- Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру, апта есебін алу, ата-аналармен байланыс жасау, кезекшілік журналын жүргізу;
- Мектепалды даярлық сыныбының іс-құжаттарын жүргізу, әдістемелік көмек көрсету;
- «Отаншылдар» ордасының бастауыш буынына басшылық;
- Өзін-өзі тану пәнінің сапалы жүргізілуін бақылау;
- Денсаулығы төмен оқушылардың сабаққа қатысын (АМТ) бақылау;
- Оқушылардың сабаққа қатысын қадағалау;
- Үйірме жұмыстарының жүргізілуін, кестесін қою, бақылау, шаралар ұйымдастыру;
- Мұғалімдердің кезекшілік міндеттерінің атқарылуын қадағалау;
- Сыныптан тыс шаралардың өтілуін және тәрбие сағаттарының жүргізілуін бақылау;

- Гимназия сағаттарының, қосымша курстар мен сыныптан тыс студиялар мен үйірмелердің жүргізілуін басқару мен бақылау;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Көшеде жүру қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау;

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ –МЫРЗАШЕВА Э.Н.

- кезекші әкімшіліктің міндеттерін атқарады, педагогтердің мектеп бойынша кезекшілігін басқарады;
- мұғалімдердің сабақтарына қатысып, талдау жасайды, бағдарламаларын әзірлейді;
- педагогикалық кеңес пен мектеп басшылығы шешімдерінің орындалуын бақылау;
- лауазымдық міндеттердің негізгі аясы мектептің сабақ кезіндегі және сабақтан тыс уақыттағы ТЖ жұмысын, мұнымен қоса оқушыларға қосымша білім беру жүйесін басқаруды, педұжымды оқушылармен және олардың ата-аналарымен ТЖ мәселелері бойынша әдістемелік оқытуды, әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілері ӘБ төрағасының, мектеп инспекторының қызметін үйлестіруді қамтиды;
- оқушылармен және олардың ата-аналарымен ТЖ мазмұны мен технологиялары мәселелері бойынша педагогикалық ұжым үшін әдістемелік оқуды ұйымдастырады;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық және құқықтық білім беруді ұйымдастырумен айналысады;
- ТЖ жағдайын талдайды, жоспарлайды, бақылайды және оның қызметіне қажетті түзетулерді енгізеді;
- мектептегі тәрбие жүйесін құру;
- сынып кураторлары мен жетекшілерінің біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастырады;
- ЖЖЕ, СӨС, СПИД, экологиялық күзет бойынша педагогтерге нұсқау беруді өткізіп, жұмысты ұйымдастырады;
- Технология пәні бірлестігінің жұмыс барысын бақылау;
- балалар мен ата-аналар қызығушылықтарын, қажеттіліктерін зерделеу жұмыстарын (педагогтармен, ата-аналар және қосымша білім беретін мамандармен бірге) ұйымдастырады және олардың табысты іске асырылуы үшін жағдай жасайды;
- мұғалімдер мен сынып жетекшілері өткізетін сыныптан тыс іс-шараларға қатысып, талдайды (жылына кем дегенде 210 сағат);
- тәрбие үрдісін ақпараттық жағынан қамтамасыз етеді;
- оқушылардың жеке қажеттіліктері есепке алуына, оның жан-жақты тұлғалық дамуына мүмкіндікті қамтамасыз ете отырып, сабақтан тыс қызметінің кестесін жасауды үйлестіреді, олардың қатысуына бақылау жүргізеді;
- 5-11 сыныптарда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, сынып жетекшілерімен жұмыс, оларға әдістемелік көмек көрсету;
- әлеуметтік-педагогикалық қызметке жетекшілік етеді, оқушылардың «қатерлі тобын» айқындауды және олардың әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі, түзету мен теңестіру жұмысын ұйымдастырады;
- педагогтердің қосымша назары мен қамқорлығын талап ететін балаларға жеке педагогикалық қолдау көрсету жұмысын ұйымдастырады;
- жыл бойындағы тәрбие жұмысына талдау жасайды;
- өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар мен өкімдер жобасын дайындайды.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ –ТЕМИРБАЕВА Қ.Х. (0,5 БІРЛІК)

- тәрбие мәселелері бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелерді айқындап, талдайды және таратады;
- Қамқоршылық кеңес, ата-аналар жұртшылығымен жұмысын ұйымдастырады және сайланбалы ата-аналар органдарымен өзара байланыста іс-әрекет жасайды;
- балалардың танымдық-бос уақытта демалу, шығармашылық, спорттық-туристік, техникалық қызметтерін ұйымдастырумен айналысатын ұжымдық органға басшылық етеді;
- мектеп мамандарымен бірлесе отырып білім алушылардың жасы мен психологиялық ерекшеліктерін, мектептегі және тұрғылықты жеріндегі қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерделейді;
- клубтар, пәндер бойынша үйірмелер, секциялар, балалар мен ересектердің әр қилы бірлескен қызметтерінің жұмысын ұйымдастырады, 1-11 сынып оқушыларымен жеке жұмыстар жүргізеді;
- «Бос уақыт» бағдарламасын жоспарлаумен және іске асырумен айналысады;
- қоғамдық және жастар ұйымдарымен, әскери комиссариатпен, тұрғылықты жердегі кәмелетке толмаған балалар істері жөніндегі инспекциямен өзара әрекеттестікте қызмет жүргізеді;
- балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу бағдарламаларын әзірлеумен айналысады;
- білім алушылар тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуде сынып жетекшілерінің өздеріне жүктелген міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді, еңбекті қорғаудың нормалары мен ережелеріне қатаң сәйкестікте еркін қоғамдық пайдалы еңбек ТЖ ұйымдастырады;
- мектептен тыс тәрбие жұмысын үйлестіреді, қосымша білім беретін және мәдениет мекемелерімен мектептің байланысын орнатады, жергілікті жердің шараларына мектептің қатысуын қамтамасыз етеді;
- қаладағы мәдениет, мектептен тыс орталықтармен байланыс;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- 5-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс ұйымдастыру;
- сынып және жалпы мектеп ата-аналары комитеттерінің жұмысын үйлестіреді;
- оқушылардың сабаққа қатысын қадағалау (5-11 сыныптар);
- оқушыларды мамандыққа бағыттау жұмыс барысы;
- балаларды, педагогтер мен ата-аналарды ынталандыру мен көтермелеу жүйесін әзірлейді;
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жұмыс барысын бақылау;
- кезекші әкімшілік міндеттерін атқарады.

МЕКТЕП ТӘЛІМГЕРІ - ШИГАНБАЕВ Е.У. (0,5 бірлік)

- «Жалпыға білім беру» Заңының орындалуы (бекітілген аудандағы мектеп жасындағы оқушыларды есепке алуды басқару, ұйымдастыру);
- балалар өнерпаздығы мен мектептегі өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы мен өркендеуіне жауап береді;
- мектепте байқаулар, мерекелер, ұжымдық шығармашылық істердің өткізілуіне жауап береді;
- оқушылардың тұлғалық өсуіне, олардың таланттары, ақыл-ой мен дене қабілеттіліктері, олардың жалпы мәдениетінің қалыптасуын дамытуға қол ұшын береді;
- жалпы мектеп көрмелерін, сынақтарын, байқауларын, демалыс кештерін, жалпы мектептік мерекелерді, оқушылар жорықтары мен экскурсияларын ұйымдастырады;
- III қабаттағы кабинеттердің жай-күйі (№136-139);

- кезекші әкімшілікпен, сынып жетекшісімен бірге мектептегі тәртіпті, тазалықты қадағалайды;

МЕКТЕП ТӘЛІМГЕРІ – ТАЛАПОВА А.Қ. (0,5 бірлік)

- каникулда оқушылар демалысының мазмұнды болуын ойластырады;
- оқушылардың сабаққа қатысы (6-8 сыныптар);
- «Отаншылдар» ордасының жұмысын жандандырады;
  оқушылардың кезекшілігін ұйымдастыру;
- мектепішілік оқушылармен өткізілетін шараларды ұйымдастыру;
- қаладағы мәдениет, мектептен тыс орталықтармен байланыс;
- өлкетану, туризм, экологиялық экспедиция жорықтарынұйымдастыру;
- мектепалды көгалдандыружұмыстарына басшылық;
- III қабаттағы кабинеттердің жай-күйі (№136-139);
- кезекші әкімшілікпен, сынып жетекшісімен бірге мектептегі тәртіпті, тазалықты қадағалайды;

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАР БОЙЫНША МЕКТЕП ПСИХОЛОГІ - ТОҚСАНОВА Г.Қ.

- білім беру үрдісінің маңыздылық тиімділігін байқап-бақылап отырады, психологиялық болжамдау мен социологиялық зерттеулер жүргізеді;
- оқушылармен психологиялық түзеу және психологиялық оңалту жұмысын, педагогикалық ұжыммен, оқушылар ата-аналарымен әдістемелік жұмыстар өткізеді;
- педагогикалық ұжымның психологиялық ахуалын зерттеу, анықтау;
- оқушының психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту (психокоррекция);
- педагогикалық ұжым мүшелері мен оқушылар және ата-аналарды психологиялық біліммен қаруландыру;
- психологиялық консультация (кеңес) жүргізу;
- мектепішілік есепте тұрған, зерттеуді қажет ететін оқушылармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізу;
- тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеп, мектеп, сынып ахуалдарын бақылау (психологиялық диагностика);
- тұлғаның психикалық және тұлғааралық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасап, ауытқушылықты болдырмау, оның алдын алу;
- мектепалды даярлық тобы балаларының даму деңгейін бақылау, психо-педагогикалық зерттеу жүгізу;

5-11 СЫНЫПТАР БОЙЫНША МЕКТЕП ПСИХОЛОГІ - ҚАДЫРЖАНОВА А.А.

- білім беру үрдісінің маңыздылық тиімділігін байқап-бақылап отырады, психологиялық болжамдау мен социологиялық зерттеулер жүргізеді;
- оқушылармен психологиялық түзеу және психологиялық оңалту жұмысын, педагогикалық ұжыммен, оқушылар ата-аналарымен әдістемелік жұмыстар өткізеді;
- оқушының психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту (психокоррекция);
- педагогикалық ұжым мүшелері мен оқушылар және ата-аналарды психологиялық біліммен қаруландыру;
- психологиялық консультация (кеңес) жүргізу;
- мектепішілік есепте тұрған, зерттеуді қажет ететін оқушылармен психопрофилактикалық, диагностикалық, психокоррекциялық жұмыстар жүргізу;
- тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін зерттеп, мектеп, сынып ахуалдарын бақылау (психологиялық диагностика);
- тұлғаның психикалық және тұлғааралық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасап, ауытқушылықты болдырмау, оның алдын алу (психопрофилактика);
- жыл аяғында қорытынды жасау.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ - АЙТЖАН Б.Т.

- Негізгі міндеттемелері аясына мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі бағыттарының мақсатты бағдарламасын («Оқушыларды әлеуметтендіру» шағын бағдарламасы):
- ата-ана қамқорлығынан айырылған оқушыларды мектеп бойынша есебін алып, олардың тұрмыс жағдайын тексеруді, қамқорлыққа алып, білім сапасын, демалысын ұйымдастыру және көмек көрсету;
- -ата-ана қамқорлығынан айырылған оқушыларды анықтап, қалалық білім беру бөліміне тіркету;
- аз қамтылған, көп балалы жанұя балаларының құжаттарын жинақтауды, оларды ыстық тамақпен қамтуды, қамқорлық айлықтарын ұйымдастыру;
- мектеп оқушыларының дене және психикалық ерекшеліктерін, тұлғалық және оқушылар ұжымының ерекшеліктерін, олардың өсу жағдайларын зерделейді;
- мектеп оқушыларына дене және психикалық денсаулықтарын нығайтуға көмектеседі;
- сынып ұжымында мектеп оқушыларының адамгершілік дамуының шарты ретінде ізгілікті ахуал орнатуға жәрдемдеседі;
- мектеп оқушыларының тұлғалық өсуіне, тұлға болып қалыптасудағы олардың қабілеттерін дамытуға қолғабыс етеді(өзіндік сана сезімге талпыну, ақылды өмірлік таңдау жасай білу, өзінің оңды қасиеттерін көрсете білу);
- «қатер тобындағы» берекесіз және күнкөрісі төмен отбасынан шыққан оқушылармен, ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- үйірмелердің, секциялардың, мектеп және мектептен тыс бірлестіктердің, бос уақытты өткізу және ағарту бағытындағы ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;
- үйірмелерде және т.б. білім алатын контингентті сақтау шараларын қабылдайды;
- сынып жетекшілеріне, топтардың, үйірмелердің, спорт секцияларының, жорықтар, экскурсиялар, қоғамдық пайдалы және өндірістік жұмыстар еңбек бірлестіктерінің және т.б. басшыларына, оның ішінде білім алушылар еңбегін қорғауды қамтамасыз ету, жарақаттану мен басқа да жазатайым оқиғалардың алдын алуда әдістемелік көмек көрсетуді;

- тәртібі нашар балалармен жұмыс жүргізуді жоспарлайды және іске асырады;
- қажетті құжаттаманы жүргізіп, әзірлеуді жүзеге асырады;
- ата-аналар үшін ағарту жұмысын ұйымдастырады, олармен (оларды ауыстыратын тұлғалармен) оқушыларды әлеуметтендіру мәселелері жұмысын жүргізеді:
- мектептен тыс тәрбие беруде бірлесе қызмет ету үшін балаларға қосымша білім беру мекемелерімен, басқа да ұйымдармен байланысты орнатып, қолдау көрсетеді;
- білім алушы ұжымдарға сауықтыру іс-шараларын өткізуде қолғабыс етеді(қол бос кездер, бос уақыт, ойын-сауық саласындағы әлеуметтік мәнді бастамалар);
- оқушыларды тамақтандыруды, оның сапасы мен ол бойынша мектеп асханасының есептілігін ұйымдастыруға, мұқтаж оқушыларды тамақтандыру үшін берілген дотацияны оңтайлы пайдалануға, жаппай оқу қоры қаражатынан тұрмысы аз қамтылған және көпбалалы отбастарына көмекті ұйымдастыруға жауап береді;
- оқушылардың Жарғы мен Білім алушылар тәртібінің ережелерін сақтауын бақылайды;
- ОТҮ жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, педагогикалық кеңестің жұмысына қатысады;
- қауіпсіз тіршілік әрекетін қамтамасыз ету мәселелеріне, қызметкерлермен, білім алушылармен болған жазатайым оқиғаларды қарастыруда әкімшілік-қоғамдық бақылау жүргізуге қатысады;
- оқушылардың күн тәртібін сақтауын бақылау мақсатында үйлеріне барып тұрады және т.б.;
- көмекке мұқтаж оқушылармен жекелей жұмыс, оқушылар топтарымен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру бойынша тренинг сабақтарын өткізеді;
- оқушылармен және олардың ата-аналарымен кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізеді;
- оқушыларды бейімділіктері мен қызығушылықтарына, қабілеттері мен жеке типтік ерекшеліктеріне қарай әр алуан қызмет түрлеріне қосудың түрлері мен әдістерін әзірлейді;
- жазда оқушылардың жұмысқа орналасуына көмектеседі, мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуын бақылайды;
- өз бейіні бойынша жыл бойындағы жұмысына талдау жасайды;
- курьерлік етілетін мәселелер бойынша бұйрықтар жобасын дайындайды;
- кезекші әкімшілік міндеттерін атқарады;
- ағылшын бірлестігінің жұмыс барысын бақылау;
- І қабаттағы кабинеттердің жай-күйі (№100-104)

МЕКТЕП ЛОГОПЕДІ - ЕРНИЯЗОВА А.М.

- Мүмкіндігі шектеулі балалармен және жасөспірімдермен түзету жұмыстарын жүзеге асырады;
- Оқушылардың психикалық, физиологиялық бұзылыстарына тексеру жүргізеді, олардың құрылымы және көрініс дәрежесін анықтайды;
- Оқушылардың дамуындағы ауытқуы бойынша, қызметіндегі өзгеру шамаларын қалпына келтіру үшін жекелей және топтық жұмыстар жүргізеді;
- Педагог қызметкерлерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға дамуында ауытқуы бар балаларға көмек көрсетуде пайдаланатын әдіс-тәсілдерді қолдану туралы кеңес береді;

- Арнайы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады;
- Оқушыларды тексеруден өткізеді, даму деңгейінде кемшілік дәрежесін анықтайды, балаларды психофизикалық жағдайы бойынша топтарға бөледі;
- Оқытудың әр түрлі нысанын, әдісін, түрін және оқу құралын қолданады;
- Оқушыларға көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы бойынша ата-аналармен байланыста болады;
- Оқу үрдісі кезінде оқушылардың денсаулығы мен өміріне жауап береді;

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ- УТЕҒАЛИЕВ Қ.С.

- Негізгі лауазымдық міндеттерінің аясы мектеп білім беру қызметінің тіршілігін қамтамасыз етудің проблемаларын шешуді, қол астындағы қызмет көрсетуші қызметкерлерді басқаруды қамтиды;
- мектептегі қызмет көрсетуші қызметкерлердің жұмысын басқарады, оларға жұмыс мазмұнына қарай нұсқаулықтар береді, техникалық қызметшілер кадрларының тиімді іріктеліп, орналастырылуына жауап береді, олардың жұмыс кестесін жасайды, олардың өз қызметтік міндеттерін орындауларына бақылау жасайды;
- мектеп мүлігінің сақталуын қамтамасыз етеді, оның бүтіндігі мен техникалық жұмыс жағдайын бақылап отырады;
- мектептің санитарлық, өртке қарсы және апатқа қарсы жай-күйіне, энергия ресурстары мен коммуналдық қызметтердің үнемді пайдаланылуына дербес жауапкершілік жүктеледі;
- жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырады және олардың жүргізілуіне басшылық етеді;
- жыл бойындағы мектеп материалдық-техникалық базасының дамуына талдау жасайды;
- асхана жұмысын ұйымдастыру;
- жиһаздардың ұсталып, күтілуі, мектеп бойынша тазалық;
- өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар мен өкімдер жобасын дайындайды;
- мектептің материалдық-техникалық базасын (МТБ) нығайту жөніндегі ұсыныстарды дайындайды;
- жалпы мектеп бойынша өмір қауіпсіздік шараларын сақтау, қадағалау құжаттарын жүргізу;
- мектеп ауласын көгалдандыру жұмысына басшылық;

Ата-аналармен жұмыс:

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже

1	Мектепте ата-аналар комитетін құру -комитет мүшелерін сайлау -міндеттерін бөлісу -жылдық жоспарын бекіту -жоспарға сәйкес жұмыстану -есебін беру	Қыркүйек	Мырзашева Э.Н. Темирбаева Қ.Х.	-Ата-аналарды мектепті басқару ісіне көбірек жұмылдыруға жағдай жасалынады --Мектептің жоспарына сәйкес шараларына ата-аналарды қатыстыру -Оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналардың белсенді қатысуына қол жеткізіледі -Ата-аналардың мектеп өмірінен ақпараттарды біліп отырады
2	Мектеп әкімшілігінің функционалдық міндеттерін бөлу - функционалдық міндеттерімен таныстыру -функционалдық міндеттеріне сәйкес жұмыстану	Тамыз	Тлекенова Б.С.	Мектепті басқаруда барлық сала толық қамтылады Әр әкімшілік мүшесінің өз басқару обьектісін білуіне қол жеткізіледі -Басқару талапқа сай демократиялы түрде жүзеге асырылады
3	Ата-аналармен бірге жүзеге асырылатын жылдық шаралар жоспары: -«Жақсылық жасауға асығайық!» акциясы -Отбасы күні -Жаңажылжық шырша мерекелері -«Әкем, шешем және мен-спортты сүйетін жанұя» -«Әке көрген оқ жонар, шеше көрсе- тон пішер» -Әкелерге арналған Ашық есік күні -«Наурыз той» этнографиялық кеш -«Асыл әже, ғасыр әже» кездесуі -«Алақай, оқу жылы аяқталды..» оқу жылының аяқталуына арналған кештер	Жоспарға сәйкес	Тлекенова Б.С. Сынып жетекшілері	-Ата-аналармен атқарылатын шаралар жоспарлы түрде әр сыныптың ерекшелігіне сәйкес жүзеге асады Ата-аналадың бала тәрбиесіне жауапкершілігі артады -Жаңа заман баласын тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық сауаттылығы арта түседі

VII. МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже басшылықтың мектепішілік бақылау өткізу мазмұны мен тәртібін регламенттейді.

1.2. МІБ – білім беру үдерісінің жай-күйін, білім беру ұйымы қызметінің негізгі нәтижелерін диагностикалауға арналған басты ақпарат көзі. МІБ астарында әкімшілік мүшелерінің жетекшілік ету тәртібінде мектеп қызметкерлерінің ҚР, министрліктің, департаменттің, мектептің білім беру саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді ұстануын қадағалауды өткізу түсініледі.МІБ рәсімдерінен бұрын лауазымдық тұлғаларға МІБ өткізу бойынша нұсқау беру өткізіледі.

1.3. МІБ туралы ереже оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы педагогикалық кеңеспен бекітіледі.

1.4. Мақсаты

- Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру.
- Мұғалімдердің шеберлігін арттыру.
- Мектепте білім беру сапасын жақсарту.

1.5. Міндеттері:

- білім беру саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді бұзу және орындамаужағдайларын айқындау, олардың алдын кесу шараларын қолдану;
- бұзулардың негізін құрайтын себептерді талдау, олардың алдын алу бойынша шара қабылдау;
- педагог қызметкерлердің қызмет нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау;
- педагогикалық қызмет нәтижелерін зерттеу, білім беру ұйымындағы жағымды және оң өзгерістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату және кері тенденцияларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мектеп бойынша бұйрықтарды және өкімдерді жүзеге асыру нәтижелерін талдау;
- бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

1.6. Атқарымдары:

- ақпараттық-талдамалы;
- бақылаушы-диагностикалық;
- түзетушілік-регулятивтік.

1.7. Мектеп директоры және (немесе) директордың орынбасарлары оның тапсырмасы бойынша немесе сарапшылар қызметкерлер қызметінің келесі нәтижелері бойынша МІБ жүзеге асыруға құқылы:

- ҚР білім беру саласындағы заңнамасын ұстану;
- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- қаржылық және материалдық құралдарды нормативтерге сәйкес қолдану;
- білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді қолдану;
- бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іске асыру, бекітілген оқу кестелерін сақтау;
- мектеп жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және өзге жергілікті актілерді сақтау;
- оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу және оқу үлгерімін аралық бақылауды өткізу тәртібін сақтау;
- оқушылардың жекелеген санаттарына қосымша жеңілдіктерді және заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органының құқықтық актілерімен қарастырылған материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақытында жеткізу;
- мектеп оқушыларының және қызметкерлерінің денсаулығын қорғау және нығайту мақсатында қоғамдық тамақтану және медициналық мекеме ұйымдары бөлімдерінің жұмыс жасауы;
- мектеп директоры құзыреттілігінің шеңберіндегі өзге де мәселелер.

1.8. Мұғалім МІБ барысында бағалауда:

- мемлекеттік бағдарламалардың толық көлемде орындалуы (материалдың өтілуі, іс-тәжірибелік, бақылау жұмыстарын, экскурсиялар және т.б. өткізу);
- оқушылардың білім, машық, дағды және даму деңгейі;
- оқушылардың дербестілік деңгейі;
- оқушылардың жалпы оқу машықтарын, зияткерлік дағдыларын меңгеруі;

- оқу үдерісінде оқушыларға сараланған тұрғыдан келу;
- мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі;
- жағымды эмоционалды шағын ортаның болуы;
- оқу материалының мазмұнын іріктеу машығы (қосымша әдебиеті, ақпаратты, иллюстрацияларды және оқушылардың білім жүйесін меңгеруіне бағытталған басқа материалды іріктеу);
- педагогикалық жағдайларды талдауға, рефлексияға, педагогикалық қызмет нәтижелерін өзіндік бақылауға қабілеттілігі;
- өз қызметін түзету машығы;
- өз тәжірибесін жалпылау машығы;
- өзіндік даму жоспарын құрастыру және жүзеге асыру машығы ескеріледі.

1.9. Мұғалімнің қызметін бақылау әдістері:
- сауалнама алу;
- тестілеу;
- әлеуметтік сауалдама;
- мониторинг;
- қадағалау;
- құжаттамамен танысу;
- сабақтың өзіндік талдауын зерделеу;
- оқушылардың қызметі туралы әңгімелесу;
- оқушылардың оқу қызметінің нәтижелерін талқылау.

1.10. Оқу қызметінің нәтижелерін бақылау әдістері:
- қадағалау;
- ауызша сауалнама; жазбаша сауалнама;
- білімді жазбаша тексеру (бақылау жұмысы);
- құрамдас тексеру;
- әңгімелесу, сауалнама алу, тестілеу;
- құжаттаманы тексеру.

1.11. МІБ жоспарлы немесе жедел тексерулер, мониторинг түрінде, әкімшілік жұмыстар өткізу арқылы жүзеге асырылады.
- Жоспарлы тексеру түріндегі МІБ бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүзеге асырылады, ол мерзімділікті қамтамасыз етеді және тексерулерді ұйымдастырғанда ұтымсыз қайталамаларды жояды. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық кеңес мүшелеріне тапсырылады.
- Жедел тексерулер түріндегі МІБ оқушылардың және олардың ата-аналарының немесе өзге азаматтардың және ұйымдардың жүгінімдерінде көрсетілген бұзу деректерін анықтау, бұзулар туралы деректерді тексеру мақсатында, сондай-ақ білім беру үдерісі мүшелеріне қатысты жанжалды жағдайларды реттеу мақсатында жүзеге асырылады.
- Мониторинг түріндегі МІБ білім беру сапасын басқару міндеттерін тиімді шешу үшін ұйым туралы және білім беру үдерісінің нәтижелері туралы ақпарат жинауды, жүйелі есепке алуды, өңдеуді және талдауды қарастырады (оқушылардың денсаулық жағдайы, тамақтануды ұйымдастыру, режімді орындау, атқарушылық тәртіп, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, педагогикалық шеберлік диагностикасы және т.б.).
- Әкімшілік жұмыс түріндегі МІБ-ды мектеп директоры немесе оның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқу үлгерімін ағымдық бақылау шеңберінде оқу сәттілігін тексеру мақсатында және оқушыларды аралық аттестаттау мақсатында жүзеге асырады.

1.12. МІБ түрлері:

- алдын ала – алдын ала таныстыру;
- ағымдық – оқу-тәрбие үдерісін тікелей қадағалау;
- қорытынды – мектептің және педагогтардың тоқсандық, жартыжылдық, оқу жылындағы жұмыс нәтижелерін зерттеу.

1.13. МІБ нысандары:

- дербес;
- тақырыптық;
- сыныптық-жалпылаушы;
- кешендік.

Қыркүйек айының мектепішілік бақылау жоспары

Тақырыбы	Мақсаты	Бақылау обьектісі	Түрі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды
Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Оқушылардың жазғы қозғалысы. Сыныптарға топтау.	Жаңа оқу жылына оқушылар контингентін қалыптастыру, тізімді нақтылау	Іс-қағаздар	Жалпы шолу	тамыз	Нурекешова А.С. Карагойшина Г.Ж.	ДЖО хаттамасы
Кабинеттердің санитарлы жағдайы, гүлдендіру деңгейі	Пән кабинеттерінде безендіру, көгалдандыру жұмыстарының жүргізілуі	кабинеттер	Жалпы шолу	тамыз	Нурекешева А.С	ДЖОхаттамасы
Аз қамтылған, көп балалы жанұя оқушыларын оқулықтармен, компьютер, ноутбуктармен қамтамасыз ету	Жаңа оқу жылына аз қамтылған жанұя оқушыларына оқулықтарын беруін қадағалау	Аз қамтылған, көп балалы жанұя оқушылары	дербес	тамыз	Кітапханашылар, Айтжан Б.Т Нурекешова А.С.	ДЖОхаттамасы
Оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету	Тегін тамақты қажет ететін оқушыларды анықтау	Аз қамтылған, көп балалы жанұя оқушы	дербес	тамыз	сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	ҚББББ есеп беру
Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу, қашықтан оқуға дайындықтарын анықтау.	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, жүйелеу	Сынып оқушылары	Жалпы шолу	қыркүйек	Психологтар, сынып жетекші кураторлар	АКТ жасау
Арнайы медициналық топтың жұмысы	Денсаулығы нашар оқушылардың анықтамасының болуы, сабақтың ұйымдастырылуы.	Арнайы топ оқушылары	тақырыптық	2 апта	Нурекешева А.С Еркингалиева С.С	ДОЖОхаттамасы

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ата-аналарға, 11- сынып оқушыларына түсінік жұмыстарын жалғастыру	Жаңартылған білім беру мазмұнының идеясы бойынша ата-аналарға, оқушыларға түсінік жұмыстары арқылы оқу үрдісінің нәтижелілігін көтеру	Ата-аналар жиналысы, 11- сынып оқушылармен жиналыс	Жалпы шолу	қыркүйек	Мектеп үйлестірушісі Нурекешова А.С. Тренерлер	Рефлексиф-ті жазбалар
Оқушылардың жазғы қозғалысы. Сыныптарға топтау.	Жаңа оқу жылына оқушылар контингентін қалыптастыру, тізімді нақтылау	Іс-қағаздар	Жалпы шолу	тамыз	Нурекешова А.С. Карагойшина Г.Ж.	ДЖО хаттамасы

Тақырыбы	Мақсаты	Бақылау обьектісі	Түрі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Пәндер бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлардың МЖМС сай құрылуын тексеру	Оқу пәндері бойынша бағдарламалардың орындалуын бақылау	тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары	Жалпы шолу	тамыз	Дюсенбаева Л.С. ӘБЖ	ӘК хаттамасы
Вариативтік компонент күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын тексеру, түзету және бекіту.	Оқу жоспары бойынша бағдарламалардың орындалуын бақылау	Элективтік курстар мен гимназия сағаттарының, үйірме сабақтарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары	Жалпы шолу	қыркүйек	Урбисенова А.К. ӘБЖ	ДОЖОхаттамасы
Қашықтан оқуды ұйымдастыру. Daryn.online платформасын меңгеру бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру.	Қашықтан оқытуға мұғалімдердің еш кедергісіз енуін ұйымдастыру, бақылау.		Жалпы шолу	қыркүйек	Дюсенбаева Л.С. ӘБЖ	Анықтама
Шығармашылық топ мүшелерінің бөлім бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын, жиынтық	Бағдарламаға сай тапсырмалардың сәйкестігін тексеру	1-10 сыныптардың пән	Жалпы шолу	қыркүйек	Мектеп үйлестірушісі Нурекешова А.С.	Анықтама

бағалау тапсырмаларының сапалы құруын қадағалау		мұғалімдерінің ҚМЖ				
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
КБ жүйесін енгізуде адаптациялық кезеңді анықтау, сабақтарға қатысу.	КБ жүйесін енгізуде білім алушылардың адаптациялық кезеңді қолайлы жағдайда өтуіне ықпал жасау.	5-10 сыныптар	Жалпы шолу	Ай бойы	Мектеп әкімшілігі	Педұжым хаттамасы
11 сыныптар оқушыларымен сынақ тестілеу жүргізу	Негізгі пәндер бойынша БДМ қалыптасуын талдау	11 сынып .	Жаппай	3 апта	Урбисенова А.К.	ӘБ отырысы хаттамасы
5 сыныптың бейімделу кезеңінің мониторингісі. Пән мұғалімдерімен таныстыруды ұйымдастыру.	Бастауыш және орта буында және пән арасында оқытудың сабақтастықұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. 5 сыныпқа оқушыларды бейімдеу;бірыңғай талаптарды орындау, ұйымдастырушылық жаппай оқыту дағдылары мен қабілеттері	5-сынып оқушылары	Жалпы шолу	4апта	5а-Тлекенова Б.С. 5б-Дюсенбаева Л.С. 5в-Темірбаева Қ.Х. 5г-Урбисенова А.К. 5д-Нурекешова А.С 5е- Мырзашева Э.Н.	Педұжым хаттамасы
ЖБ,ТЖБ кестелерін құру, бекіту	КТЖ сәйкес келуі, бағдарламаның орындалуы	5-10 сынып оқушылары	Жалпы шолу	3 апта	Нурекешова А.К. Урбисенова А.К.	Бекітілген ЖБ,ТЖБ кестесі
КБ жүйесін енгізуде адаптациялық кезеңді анықтау, сабақтарға қатысу.	КБ жүйесін енгізуде білім алушылардың адаптациялық кезеңді қолайлы жағдайда өтуіне ықпал жасау.	5-10 сыныптар	Жалпы шолу	Ай бойы	Мектеп әкімшілігі	Педұжым хаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Аттестациядан өтуші мұғалімдермен жұмыс	Аттестациядан өтуші мұғалімдердің жылдық жоспарын, сабақ кестесін анықтау, кеңес беру.	Аттестациядан өтуші мұғалімдермен	Дербес	3 апта	Дюсенбаева Л.С.	Аттестация отырысы хаттамасы

	Аттестаттау ережесіндегі өзгерістерді таныстыру					
Әдістемелік бірлестіктер жұмысын жоспарлау	ӘБ жоспарларын мектептің әдістемелік тақырыбының көрініс табуы мәселесіне қатысты талдау	ӘБ құжаттамасы	Дербес	2 апта	Директор ДҒӘЖЖО	БЖО хаттамасы
Педагогикалық ұжымда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша түсінік жұмыстарын толықтыру. (1-11 сынып пән мұғалімдерімен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.(ҰМЖ, ҚМЖ, ЖБ жоспарларын бекіту), нұсқаулықтармен танысу.	Жаңартылған білім мазмұны құжаттарымен таныстыру, нормативтік құжаттарға шолу	1-10 сынып пән мұғалімдері	Жалпы шолу	1 апта	Мектеп үйлестірушісі Нурекешова А.С.	Оқыту семинары
Жас мұғалімдердің сабақ жоспарларын жеке тексеру, Тәлімгерлер жұмысының сапасын тексеру.	Әдістемелік және практикалық көмек көрсету	Жас мұғалімдер	Жалпы шолу	2 апта	Нурмухамбетова Д.У. Дюсенбаева Л.С.	Нұсқау
Жеке істерді тексеру.Еңбек өтілін санау	Оқушылардың, мұғалімдердің жеке іс-қағаздарының талапқа сай рәсімделуі	Педұжым мүшелері	Жалпы шолу	1 апта	Іс-қағазын жүргізуші, комиссия мүшелері	БЖО хаттамасы
Қалалық олимпиадаға, ғылыми жобаға дайындық жұмыстары	Қалалық олимпиадаға оқушыларды дайындыу жұмыстарын ұйымдастыру және оның орындалуы	Пән мұғалімдері	Дербес	4 апта	Дюсенбаева Л.С. Саматаева Г.А Каюбалиева Г.Т Бірлестік мүшелері	БЖОхаттамасы
Аттестациядан өтуші мұғалімдермен жұмыс	Аттестациядан өтуші мұғалімдердің жылдық жоспарын, сабақ кестесін анықтау, кеңес беру. Аттестаттау ережесіндегі өзгерістерді таныстыру	Аттестациядан өтуші мұғалімдермен	Дербес	3 апта	Дюсенбаева Л.С.	Аттестация отырысы хаттамасы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы.						

Тақырыбы	Мақсаты	Бақылау обьектісі	Түрі	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды
Оқу кабинеттерін жаңа оқу жылына дайындығын тексеру. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуын қадағалау.	Кабинет пен мұғалімнің ОӘК оқу-тәрбие үдерісінде кешенді және ұтымды пайдалану.	Оқу кабинеттері	Жаппай шолу	1 апта	Утегалиев К.С.	Мектеп паспортын жасақтау
Ұжымды техникалық, өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру	Нұсқаудың уақытында өтілуін қадағалау. Ережелердің сақталуын қадағалау.	Кабинет меңгерушілері	Жалпы шолу	1 апта	Утегалиев Қ.С.	Пед.ұжым жиналысыхаттамасы
Медициналық тексерудің өтуін бақылау	Санитарлық кітаптардың уақытында толтырылуы.	Ұжым мүшелері	Жаппай шолу	1 апта	Мед бике	ҚББББ есеп беру
Балалардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.	Мектепте санитарлық-гигиеналық режим ережелері мен нормаларын сақтау	Пән кабинеттер	Жаппай	1 апта	Утегалиев К.С	Нұсқау өткізу
Сабақ кестесін тексеру.	Оқушылардың жас ерекшеліктері мен оқу үдерісіне бейімделушіліктерін ескере отырып құрастыру (СЭС ұсыныстарына сәйкес).	Сабақ кестесін	Тақырыптық	1 апта	Карагойшина Г. Нурекешева А.С	Анықтама жазу
Кабинеттерде қауіпсіздік журналдарының жүргізілуі	Оқушылардың қауіпсіздік ережелерін сақтау, кабинеттерде журналдардың жүргізілуі	Кабинет меңгерушілері	Жалпы шолу	2 апта	Нурекешева А.С	ДЖО хаттамасы

Қазан айының мектепішілік бақылау жоспары

Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Оқушылардың сабаққа қатысы	Оқушылардың сабаққа қатысуын, себепсіз сабақ қалдыруының алдын алу	1-11 сынып	жаппай	Ай бойы	Мырзашева Э.Н. Нурекешова А.С.	ДОЖО хаттамасы

					Сынып жетекшілері кураторлары	
Жетім балалармен және АҚҚ балалармен жұмыс	Нормативтік құқықтық құжаттарды орындау бойынша жұмысты талдау	Тізімге алынған оқушылар құжаттамасы	тақырыптық	2 апта	Әлеуметтік педагог Айтжан Б.Т.	ДОЖО хаттамасы
Арнайы медициналық топ жұмысы	Арнайы топтарға жататын оқушыларды анықтау, сабақтың жоспарлы кестеге сай өткізілуін бақылау.	Арнайы медициналық топқа жататын оқушылар	дербес	2 апта	Нурекешева А.С.	Педұжым хаттамасы
Kundelik.kz электронды журналдарының уақытылы жүргізілуін бақылау	Пән мұғалімдерінің журналдарды тексеру барысында бағалардың жинақ қорын анықтау	Сыныптардың электронды журналдары	жаппай	3 апта	Нурекешева А.С	Педұжым хаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
I тоқсан ТЖБ нәтижесі, модерация.	1 тоқсан қорытындылары бойынша білім дағдыларының қалыптасу деңгейін талдау	5-11 сынып оқушылары	сыныптық-жалпы	19-20.10	Нурекешова А.С. Пән мұғалімдері	ӘК хаттамасы
10 сыныптағы орыс тілі мен әдебиеті, математика, жаратылыстану сабақтарында оқу мақсаттарына жетуін қадағалау	10-шы сынып оқушыларының оқу мақсаттарына жетуін қадағалау	10 сынып оқушылары	Тақырыптық	1 апта	Урбисенова А.К.-10а Дюсенбаева Л.С.-10б Нурекешова А.С.-10в, 10г	ӘК хаттамасы
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						

Сынып журналдарын, элективті курс, гимназия сағаттары пен үйірме сабақтарының жүргізілуін тексеру.	ББД бақылау жүйесі, бағалар қоры.	Журналдардың жағдайы, баға қоры, толтыруы	Сыныптық	01-05.10	Нурекешова А.С. Урбисенова А.К.	Педұжым хаттамасы
10-11 сыныптардың сабаққа қатысуы, білім дағдыларының деңгейі	10-11 сынып оқушыларының жоғары мектепте оқуға бейімделуін қадағалау	11 сынып	Сабақтарға қатысу, әкімшілік срез	12.-16.10	11а-Тлекенова Б.С. 11б-Урбисенова А.К. 11в-Нурекешова А.С.	ДОЖО хаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
Жаңадан келген мұғалімдердің, жас мамандардың кәсіби біліктілігі сабақтарына қатысу	Мұғалімдердің біліктілік деңгейін анықтау, пәннің берілу сапасын тексеру. Мұғалімнің жұмысымен жұмыс әдістерімен танысу.	Жаңадан келген мұғалімдермен жас мамандар	дербес	19-23.10	Зулкашева Ш.М. Батыргалиева Б.Х. Мурзашева А.С. Лукпанова К.И.	БЖО хаттамасы
ҚМЖ қашықтан жоспарлаудағы талаптардың орындалуы.	ҚМЖ жоспарлаудағы сабақтың оқу мақсатына сай қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының сәйкестігін орындалуы.	5-8 сыныптарда сабақ беретін пән мұғалімдерінің ҚМЖ жоспарлары	Жаппай барлығы	12-30.10	ӘБЖ	Педұжым хаттамасы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы.						
Кабинеттерді гүлдендіру	Кабинеттерді гүлдендіру жұмыстарын жандандыру.	Кабинет меңгерушілері	Жалпы шолу	26-30.10	Нурекешева А.С Кабинет меңгерушілері	Бірлестік отырысы хаттамасы

Кезекші сыныптардың санитарлық-эпидимиологиялық талаптарға сай болуын тексеру.		Кабинет меңгерушілері	Жалпы шолу	Үнемі	Нурекешева А.С Кабинет меңгерушілері	

Қараша айының мектепішілік бақылау жоспары

Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Әлеуметтік педагогтың міндеттерін орындауын бақылау	Аз қамтылған және көп балалы отбасылар құжаттамаларын бақылау	Әлеуметтік педагог	жаппай	16-21	Мырзашева Э.Н.	Педұжым хаттамасы
Оқушылардың ай сайын сабаққа қатысын қадағалап, апта және ай соңында есеп тапсыру, сабаққа қатысы	Оқушылардың ай сайын сабаққа қатысын қадағап, апта және ай соңында есеп тапсыру, сабаққа қатысын диагностикалау	1-11 сынып жетекшілер	жаппай	14-19	Темірбаева Қ.Х	ДОЖО хаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Күнделікті сабақ үрдісінде оқу мақсаттарының, бағалау критерийлерінің, дескрипторлардың дұрыс қойылуы	Күнделікті сабақ үрдісінде оқу мақсаттарының, бағалау критерийлерінің, дескрипторлардың дұрыс қойылуын қадағалау	9- сыныптар	Жалпы шолу	2апта	Ризуанова К.Е-9а,б Жексенгалиева Г.Ж-9в,г	ДОЖО
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
11 сынып оқушыларының сынақ тестілеуінен өткізу	БД-ның қалыптасу деңгейін талдау	Пән мұғалімдері мен 11 сынып оқушылары пән-ң ӘБ	шолу	16-27.11	Урбисенова А.К.	ДОЖО хаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**

Пән мұғалімдерінің рубрикамен жұмыстануы, ата-анамен байланыс белсенділігі.	Пән мұғалімдерінің рубрикамен жұмыстану, ата-анамен байланыстың белсенділігін тексеру. 5-8 сынып рубрикаларының толтырылуын, ата-ананың таныстырылып қол қойылуын тексеру	5-10 сынып рубрикалары	жаппай	Ай бойы	Урбисенова А.К. Нурекешева А.С	ДОЖО хаттамасы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы.						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Мектеп мүліктерінің есебін шығару, инвентаризациялау	Мектеп мүліктерінің сақталуы, есепке алынуын қадағалау	Пән кабинеттері	жаппай	2-7	Утегалиев К.С	Инвентаризациялау

Оқу жылына арналған желтоқсан айының мектепішілік бақылау жоспары

Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
1.1 Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Кешкі мезгілде оқушылардың бос уақыт өткізуі	Кешкі мезгілде оқушылардың бос уақыт өткізуін қадағалау(есепте тұрған оқушылар)	есепте тұрған оқушылар	дербес	1-5	Мурзашева Э.Н	ДОЖО хаттамасы
Оқушылардың 2-ші тоқсандағы қозғалысының қорытындылары	Оқушылардың 2-ші тоқсандағы оқу қызметінің нәтижелерін талдау	1-11 сыныптар	жаппай	1 апта	Нурекешова А.С	ДОЖО хаттамасы
1-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысын тексеру	Ата-аналарды оқу үлгерімі жөнінде уақытылы хабардар ету, қалыптастырушы бағалаудың жүргізілуі	1-11 сыныптар	жаппай	1 апта	Мырзашева Э.Н. Тәлімгер	ДОЖО хаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Тарих пәндерінде деректерге қатысты өз ойын білдіруге дағдыландыру	Тарих пәндерінде деректерге қатысты өз ойын білдіруге дағдыландыру жұмыстарының жүргізілуі.	Тарих пәні бірлестік мүшелері.	тақырыптық	7-12	Нурекешева А.С Мырзашева Э.Н.	БЖО хаттамасы

Күнделікті сабақ үрдісінде оқу мақсаттарының, бағалау критерийлерінің, дескрипторлардың дұрыс қойылуы	Күнделікті сабақ үрдісінде оқу мақсаттарының, бағалау критерийлерінің, дескрипторлардың дұрыс қойылуын қадағалау	8- сыныптар	Жалпы шолу	2апта	НурекешеваА.С Мурзашева А.С	ДОЖО
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
ЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын талдау, төмен балл жинаған оқушылармен түзету жұмыстарының жүргізілуі.	ЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын талдау, төмен балл жинаған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдерін тексеру.	5-8 сынып	тақырыптық	4 апта	Мектеп әкімшілігі	ДОЖО
Биология, химия пәнінен оқушылардың жұмыс дәптерлерін, зертханалық дәптерлерін тексеру	Дәптерлерді тексеру жүйесі, сынып және үй жұмыстарының көлемі,зерхтаналық жұмыстың жүргізілуі	Оқушылардың жұмыс дәптері, зертханалық дәптерлері.	Сыныптық-жалпылаушылық	14-19	Нурекешова А.С.	ДОЖОхатта масы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Кері байланыстың тиімді ұйымдастырылуы	Пән бойынша кері байланыстың тиімді ұйымдастырылуын бақылау	Физика, информатика пәндері	Жалпы шолу	1-20	Мектеп әкімшілігі	ДОЖО
Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының жұмысы.	Деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің кәсіби қауымдастығының жұмысын талдау.	Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер	тақырыптық	7-12	Дюсенбаева Л.С. Ризуанова К.Е	Педұжым хаттамасы
Жас мұғалімдермен жұмыс бағыттары	Тәлімгерлердің ЖММ-дегі жұмыс түрлері және бағытын анықтау.	ЖММ мүшелері	дербес	21-26	Нурмуханбетова Д.У	ӘБ отырысыхат тамасы

Электрондық журналдың жүргізілуі	Электрондық журналдың уақытында жүргізілуін бақылау	Пән мұғалімдері	жаппай	1-14.	Нурекешова А.С	Педұжым жиналысы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Ұжымды техникалық, өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру	Нұсқаудың уақытында өтілуін қадағалау. Ережелердің сақталуын қадағалау.	Кабинеттер	жаппай	14-19	Утегалиев К.С	Нұсқау өткізу

Қаңтар айының мектепішілік бақылау жоспары

Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
10-11 сынып оқушыларының сабаққа қатысуы	Оқушылардың сабаққа қатысуын уақытылы есепке алу	10-11 сынып оқушылары	жалпы	1 апта	Мырзашева Э.Н.	ДОЖОхаттамасы
Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту	Оқушылардың денсаулығын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстың жай-күйін талдау	1-11 сынып журналдары	жалпы	1 апта	Нурекешева А.С	ДОЖОхаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Сабақтың оқу мақсатымен басталуын, критерийлердің берілу талаптарын орындалуы.	Сабақтың оқу мақсатымен оқушыларды сабақ басында таныстыру мен, критерийлердің берілу талаптарын орындалуын тексеру.	7 сыныптар	жалпы	3апта	Мектеп әкімшілігі, тренерлер	ДОЖО хаттамасы
Үйден оқитын оқушыларға негізгі пәндерінің берілуі.	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін меңгеруі, пәндердің берілуін тексеру	Негізгі пәндер мұғалімдері	Жаппай	2 аптасы	Нурекешева А.С	ДОЖОхаттамасы
Дінтану негіздерінің оқытылуын зерттеу	Кәсіби біліктілік және қызмет нәтижелері	9 сынып оқушылары	дербес	14-19	Тарих ӘБЖ	ДОЖО хаттамасы

1.3. Оқушылардың білім, білік, дағдылары						
ЭЖ-дың уақытымен толтырылу деңгейі, сәйкестігі,білім сапасының нәтижесі	І жартыжылдық бойынша ЭЖ-дың уақытымен толтырылу деңгейі, сәйкестігі,білім сапасының нәтижесі	5-8 сыныптар	Жаппай	2 апта сы	Нурекешева А.С	Пед кеңес хаттамасы
Пәндердің комбинация бойынша оқытылуы.	Тереңдетілген сыныптардың білім деңгейін анықтау	7,10 сыныптар	Сыныпт ық-жалп ылаушы лық	16-21.01	10а,7аТлекенова Б.С. 10б,7бУрбисенова А.К., 10в,7в-Нурекешева А.С 7г,д,е-Дюсенбаева	ДЖО хаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
ӘБ-тің І-жарты жылдықтағы жұмысының қорытындылары	І –ші жарты жылдықта әдістемелік жұмыс жоспарларының орындалуын талдау	Әдістемелік бірлестік құжаттамасы	Жаппай	2 апта	Дюсенбаева Л.С. ӘБЖ жетекшілері	ДОхаттама сы
Пән мұғалімдерінің рубрикамен жұмыстануы, ата-анамен байланыс белсенділігі.	Пән мұғалімдерінің рубрикамен жұмыстану, ата-анамен байланыстың белсенділігін тексеру. 5-8 сынып рубрикаларының толтырылуын, ата-ананың таныстырылып қол қойылуын тексеру	5-8 сынып рубрикалары	жаппай	Ай бойы	Урбисенова А.К. Нурекешева А.С	ДОЖО хаттамасы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Мектеп дәліздерінің, асхананың жағдайы	Мектеп дәліздерінің, асхананың жай-күйінің талапқа сай болуы, гүлдендірілуін қадағалау.	Мектеп дәліздері, асхана.	жаппай	1 апта	Утегалиев К.С	Анықтама жазу

Ақпан айының мектепішілік бақылау жоспары

1.1 Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**

Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалу айлығының өтілуі.	Мектеп жасындағы оқушыларды мекепке тарту	Мониторинг	жаппай	1 ,2 апта	Мырзашева Э.Н.	ДОхаттамасы
1-11 сынып оқушыларының күнделіктерін жүргізуін бақылау	Күнделіктер жүргізу мәдениеті	Оқушыларды ң күнделіктері	жаппай	1 апта	Мырзашева Э.Н.	ДОхаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Шығармашылық пәндер бойынша қалыптастырушы бағалаудың жүргізілуі.	Шығармашылық қиялды, эммоционалды-сезімтал қабылдауды дамытуын байқау.	бейнелеу өнері және музыка мұғалімдері	тақыры птық	3 апта	Мырзашева Э.Н.	ДОхаттамасы
Ағылшын тілі сабақтарында тілдік мақсаттарының орындалуы.	Ағылшын тілі сабақтарында тілдік мақсаттардың талапқа сай орындалуын тексеру.	Ағылшын пәні мұғалімдері	Тақыры птық	2 аптасы	Комиссия мүшелері	ДОЖО хаттамасы
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Қалыптастырушы бағалаудың жүйелі, тиімді жүргізілуі.	Қалыптастырушы бағалаудың жүйелі, тиімді жүргізілуін бақылау.Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысын байқау	5-8 сыныптар	Жалпы шолу	01-20.02	Мектеп әкімшілігі	ДЖО
Арнайы, қолданбалы курстардың жүргізілуі	Арнайы, қолданбалы курстардың оқытылу жай-күйін талдау	Арнайы, қолданбалы курс жетекшілері	тақырып тық	2 апта	Дюсенбаева Л.С.	ДО хаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
5-10 сыныптарда комментарий жазу сауаттылы.	Комментарий жазу сауаттылығын тексеру.	5-10 сынып оқушылары, мұғалімдері	жаппай	1 апта	Мектеп әкімшілігі	Бірлестік отырыс жиналысы

Аттестациядан өтуші мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен әдістемесі	Аттестациядан өтуші мұғалімдердің сабақтарына талдау жасау, сарапшылардың жұмыстарының бағытын анықтау	Аттестациядан өтуші мұғалімдер	жаппай	2 апта	Дюсенбаева Л.С. Комиссия мүшелері	Аттестация отырысыхаттамасы
1.5. Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайы.						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Мектеп мүліктерінің есебін шығару, инвентаризациялау	Мектеп мүліктерінің сақталуы, есепке алынуын қадағалау.	Пән кабинеттері	Жаппай	3 апта	Утегалиев К.С	ДОЖОхаттамасы

Наурыз айының мектепішілік бақылау жоспары

Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
1.1 Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау						
Оқушылардың сабаққа қатысы	Оқушылардың сабаққа қатысын бақылау, сабақты қалдыру, кешігушілікті жою.	1-11 сынып оқушылары	дербес	Ай бойы	Мырзашева Э.Нсынып жетекшілер	ДОЖО хаттамасы
1.2. Пәндердің берілу сапасы						
Сабақтастық шеңберінде 4-ші сыныптардың сабақтарына қатысу	4-ші сынып оқушыларының негізгі мектепте оқуға дайындығы	4 сынып оқушылары	Сыныптық шолу	1 апта	Дюсенбаева Л.С. Пән мұғалімдері	ДЖО хатамасы
Өзін-өзі танудың оқытылу жай күйін тексеру	Балаларға рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудыңжолдарын байқау	Өзін өзі тану пәндері	кешенді	2 апта	Тлекенова Б.С.	БЖО хаттамасы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша гимназиялық сағат, үйірме жұмыстарының жүргізілуі.	Гимназиялық сағат, үйірмеге оқушылардың ой өрісін, көркем сөйлеу	Гимназия сағат, үйірме жетекшілері	Дербес	13-18.03	Урбисенова А.К.	ДЖОхаттамасы

	мәдениет дағдаларын анықтау				Нурекешева А.С	
1.3. Оқушылардың білім дағдылары						
Тақырыбы	**Мақсаты**	**Бақылау обьектісі**	**Түрі**	**Мерзімі**	**Жауапты**	**Қорытынды**
Сабақ барысында ұлттық құндылықтарға,жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу іс-әрекеттерін байқау.	Сабақ барысында ұлттық құндылықтарға,жалпыадамзаттық құндылықтарға оқушылардың іс-әрекеттерін байқау.	5-6 сынып оқушылары	Тақырыптық	4 апта	Мектеп әкімшілігі, тренерлер	ДОЖО хаттамасы
Оқу дағдылары төмендеген оқушылармен жұмыс	Оқушылардың сабақта алатын ақпарат көлемін, үй тапсырмаларының жиынтық көлемін, оқушылардың бірыңғай талаптарды орындауын байқау	Білім дағдылары төмендеген оқушылар	дербес	2 апта	Нурекешева А.С	ДЖОхаттамасы
1.4. Педагог кадрлармен жұмыс						
